

ОРТА АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Әр тоқсан сайын шығатын ақпараттық-сараптамалық бюллетень

«Орта Азиядағы адам құқығы мен құқықорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасы

№ 6 шығарылым [мамыр-маусым 2010 жыл]



Еуропалық
комиссия

INSTITUTE FOR WAR & PEACE REPORTING



Соғыс және бейбітшілікті
жариялау жқіндегі Институт

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздердің назарларыңызға Орталық Азия елдеріндегі адам құқығы саласындағы өзекті тақырыптарды көтеретін ақпараттық-сараптамалық бюллетеніміздің кезекті алтыншы жарияланымын ұсынамыз.

Үстіміздегі жылдың сәуір айынан бастап әлем Қырғызстанда болып жатқан оқиғаларға ыждаһаттылықпен қарауда, осы жылдың маусымында бұл елдің оңтүстігінде 90-жылдардағы Ош қақтығысынан кейін болмаған қайғылы оқиғалар орын алды. Маусымның 10-нан 11-не қараған түні Ош қаласында қарулы қақтығыстар басталды, кейін ол Жала-абад қаласын да шарпыды. ҚР денсаулық сақтау Министрлігінің 6 шілде күнгі соңғы мәліметтері бойынша осы күндері 309 адам қаза тапқан. «Коммерсант» газетіне берген сұхбатында ҚР басшысы Роза Отунбаева айтып кеткендей ресми мәліметтер аса төмендетіліп көрсетілуі мүмкін. БҰҰ-ның босқындар ісі бойынша Жоғарғы комиссариатының (UNHCR) бағалауына, шамамен 400 мыңға жуық адам үйлерін тастап қашқан. Өзбекстан ресми түрде өзіне 45 мың адамды қабылдады, ал іс жүзінде босқындар саны одан көп болған еді. Жағдай тұрақталған соң олар ҚР қайта бастады.

Осы оқиғалар басталған соң-ақ аймақта комендаттық сағат орнатылды. Мәселен, Ош облысында ол 10 тамызға дейін созылады. ҚР Уақытша үкіметі «ұлттық негізде жоспарланған» деп атаған қақтығыстар түрлі ұлт өкілдерінің зардап шегуіне әкеліп соқты: көптеген адам баспанасынан, туыстарынан айрылды. Ел оңтүстігінде болған бұл оқиғалардың ұйымдастырылуына үшінші бір ішкі және сыртқы күштердің қатысы бар екендігі жайлы болжасдар айтылуда.

Билік жолыққан мәселелердің бірі жапа шеккендерге гуманитарлық көмекті бөліп тарату болды. Жергілікті халықты қайтару мен зардап көргендерге психологиялық көмек беру, сонымен қатар қақтығыстар салдарынан қираған оңтүстік қалаларының инфрақұрылымын қалпына келтіру мәселелері де маңызды мәселе болып тұр. Осы сұрақтардың бәрін 27 маусымда болған бүкілхалықтық референдумда сайланған Қырғызстанның жаңа билігіне жауап табуға тура келеді.

Ал Қазақстан Республикасының Президентінің бас тартқанына қарамастан 13 мамыр күні Нұрсұлтан Назарбаевқа елбасы статусын беретін конституциялық өзгеріс қабылданып кетті, ол ел басшысына саяси ықпалын сақтауға және заңдық тұрғыдан жауапқа тартылмауға мүмкіндік береді.

Орталық Азия аймағының құқыққорғаушылары дабыл қағып, ЕҚЫҰ төрағасы болып отырған Қазақстан билігін өзбекстандық босқындарға назар аударып қарауды сұрап отыр. Бюллетеннің осы нөмірі Сізге

Орталық Азияда болып жатқан саяси және әлеуметтік оқиғалармен танысуға мүмкіндік береді.

Ал біз бюллетеннің «Орта Азия мемлекеттеріндегі құқыққорғау білімі мен адам құқығын қорғау» жобасының аясында, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі британдық институт (IWPR) арқылы жүзеге асырылып, Еуро Комиссияның қолдауымен басылғанын естеріңізге сала кетеміз. Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығын қорғау саласындағы қоғамның ақпаратпен қамтамасыз етуінің деңгейін көтеру жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып есептеледі.

Бүгінгі күні жоба Қырғызстандағы балалардың білімге қол жеткізу туралы сұрақтарын, Тәжікстандағы өз өзіне қол жұмсаушылықтың көбейіп кетуіне байланысты мәселелердің, Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты мәселелерге қатысты диалогтық байланысқа қатысты сұрақтарды шешіп, қамтамасыз етіп отыр. Жобаның келесі бағыты үкіметтік емес ұйымның мүшелерін қоғаммен байланысқа, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас құруға және адам құқығына қатысты халықаралық стандарттар мен сол саладағы ұлттық заңнама туралы журналистерге арналған тренингтер өткізеді.

IWPR бүгінгі таңда Еуропада, Ауғанстанда, Иранда, Иракта, Сирияда, Филиппинде, Уганда, Солтүстік Африкада, Зимбабведе, Кавказда және Орта Азия мемлекеттерінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Орта Азиялық аймақта IWPR-дың сәтті қызметі 1999 жылдан бастау алған. Осы уақыт аралығында Институт мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) және медиа құрылымдармен конструктивті қарым-қатынас орнатты. IWPR алғашқылардың бірі болып жергілікті журналистермен қарым-қатынас құрып, оларға шетелдегі әріптестерімен байланыстарын дамытуға көмектесті. Уақыт өте келе серіктестік тығыз қарым-қатынастар түріне айналды.

Мұндай тәсіл жаңа байланыстардың кеңеюін, идеялардың, білімнің және машықтармен алмасуды қамтамасыз етті. Тілдік тосқауыл мен көзқарастардың әр түрлі болуына қарамастан, www.iwpr.net сайтында көптеген мақалалар жарық көруі, жемісті жұмыстың қорытындысы болып есептеледі. Осындай жұмыстың арқасында IWPR адам құқығына байланысты, демократия мен басқа да қақтығыс тудыратын тақырыптарды, сұрақтарды баяндауға қатысты едәуір үлесін қосты.

Бюллетеннің әр нөмірінде біз сіздерді жобаның қызметімен, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы адам құқығын бұзуға қатысты әр түрлі жағдайлармен таныстыруға, сонымен қатар, біздің аймақтағы мемлекеттердің шынайы жағдайын объективті түрде баяндауға тырысамыз.

ОСЫ НӨМІРДЕ:**ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ****ӨЗЕКТІ СҰХБАТ:**

- 7 Зариф Ализоде сұхбат: Тәжікстандық омбудсмен: «Біз арызды бәрінен бірдей қабылдаймыз»

АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ:

- 9 ЖҚТБ санының артуына байланысты Орталық Азия елдерінің халқы алаңдаушылық білдіріп отыр
- 14 Гуантанамо түрмесінің екі бұрынғы тұтқынының ісін қайта қарауға шақыру

ҚАЗАҚСТАН:

- 16 Қоғамдық қарсылық білдіру санының өсуі
- 17 Қазақстан Президентіне елбасы статусы берілді

ҚЫРҒЫЗСТАН:

- 19 Бұрынғы шахтерлердің өтемақы алуға деген үміті күн өткен сайын азаюда
- 20 Оштағы ойран
- 22 Қырғызстандағы топты жеңген бағаланбаған қаһармандар

ТӘЖІКСТАН

- 23 Табиғи апаттан кейінгі Тәжікстан көмек сұрауда
- 25 Тәжікстанда ұялы телефон пайдалануға байланысты пікір қайшылықтары

ТҮРКІМЕНСТАН

- 26 Жергілікті билік құзыры оңтайландырылды
- 27 Түркіменстандағы жасанды энтузиазм

ӨЗБЕКСТАН

- 28 ЕҚЫҰ-ға төраға мемлекет құқыққорғаушылардың сөзіне құлақ аса ма?
- 29 Өзбекстан құқыққорғаушылары спорт журналистін босату үшін күресуде

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ:

11-12 маусым күні Алматыда «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында екікүндік «Ақпарат іздеу, тақырып іздеу, БАҚ-ның құқықтық сауаттылығы» тренингі болып өтті, тренингті Қазақстандағы IWPR өкілдігі ұйымдастырды.

Тренингті Қазақстандағы белгілі құқыққорғаушы және журналист Андрей Гришин өткізді. Тренингке Шымкент, Тараз және Алматы қаласының журналистері қатысты. Тренер азаматтар құқығының бұзылуының маңызды деген тұстарына тоқталып өтті, ол: Бейбіт жиналыстар өткізу еркіндігі (саяси және әлеуметтік қарсылық көрсету акциялары), Дін (дәстүрлі емес діни топтарды қудалау жалғасуда). Тренингтің негізгі мақсаты журналистердің құқықтық сауаттылығының деңгейін арттыру мен құқықтық ақпаратпен жұмыс жасауда журналистиканың үздік мысалдарының негізінде маңызды әдістер мен жұмыс түрін үйрету болды.

Гришин қатысушылардың назарын журналистиканың бұрыс мысалдары мен материал ұсынудың сауатсыз жолдарын ашып көрсетті.



Журналистер тренинг тақырыбының өзектілігін атап көрсетті. Николай Цой біздің кезде адам құқығы жайлы айту керек екендігіне тоқтала отырып, тренердің аудиториямен жұмысына көңілі толатындығын жеткізді. «Құқықтық қорғау мен ол жайлы ақпарат таратуға көбірек тоқталса жақсы болар еді. Материалдарды көзбен көру және түрлі ойындар өткізу орынды болды. Аталған тақырыпты бұдан да көбірек ашып көрсету, тереңдетіп беру дұрыс болар еді», – дейді журналист ойымен бөлісіп.

Шымкенттік тәуелсіз журналист Татьяна Мухина ұсынылған материалдардың маңыздылығы мен қолжетімділігі жайлы айтып кетті.

«Таратпа материал тамаша болды. Халықаралық журналистикада жұмыс істегісі келгендерге таптырмайтын тақырып. Қызықтырып жүрген сұрақтар мен тақырыптардың бәрі талқыланды. Бәрі орынды болды, практика мен теория ұштасып жатты, ойындар да өз үлесін қосты», – дейді ол.

Тренинг қатысушыларына сертификат берілді.

Мемлекеттік баспасөз қызметі қызметкерлері дағдарысқа қарсы PR негіздерін оқыптануды

28-29 мамыр күндері Бішкек баспасөз клубында (ВРС) мемлекеттік баспасөз қызметі қызметкерлеріне арналған «Дағдарыстық жағдайдағы БАҚ-мен жұмыс. Дағдарысқа қарсы PR» семинар-практикумы болып өтті. Семинарға сонымен қатар қоғамдық ұйым өкілдері де қатысты. Шараны ұйымдастыруға Тәуелсіз тренерлік кеңесші топ, «Сорос-Қырғызстан» Қоры және Қырғызстандағы Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі Институт (IWPR) өкілдігі (Еурокомиссия мен Норвегияның сыртқы істер Министрлігі қолдайтын IWPR-дың «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» жобасы аясында) қатысты.

Тренер ретінде екікүндік семинарға конфликтология, әлеуметтік психология және әлеуметтік менеджмент бойынша мамандар «Egalité» ҚҚ-нан Татьяна Выговская мен Иван Каменко және PR-маман, маркетинг «APRA Group» медиаконсалтингтік компаниядан Екатерина Филиппова келді.

Семинар-практикумда мемлекеттік баспасөз қызметі қызметкерлеріне ведомстволардан келіп түскен ақпараттың ішкі саяси жүйеде қалай айналысқа түсетінін сараптап беру ұсынылды. Жеке назарға саяси жауаптың ақпаратқа деген эмоционалды жағы ілікті.

Сонымен қатар, семинарда дағдарыстық жағдайда БАҚ-мен баспасөз мәслихаттарын ұйымдастыру, баспасөз баянын тарату және басқа да жолдар арқылы байланысты жақсартуға арналған практикалық ұсыныстар берілді. Мысалдарды талдай отырып қатысушылар

ақпаратты алушы жақтың ешқандай дау-дамайға жол бермей алатындай қылып ұсынуға тырысты.

Семинар-практикумда орын алған ұсыныстардың бірі БАҚ-мен жеке басты қарым-қатынас орнату болды. Тренер-кеңесшілер сонымен қатар ведомстволардағы ішкі байланысты ұйымның сыртқы беделінің артуы мен болашақта ықпал етуіне байланысты жақсаруының маңыздылығын атап өтті.

«Соңғы оқиғалар мемлекеттік мекемелер мен БАҚ-ның қаншалықты жақын екендігін және қоғам пікіріне біздің әсер ете алатынымызды көрсетті. Бұл семинарда мен БАҚ-пен байланыс орнатуды, ақпаратты дұрыс беруді және журналистермен өзімді қалай дұрыс ұстауды үйрендім», – дейді Қырғыз Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің баспасөз хатшысы Светлана Байтикова.

«Бұрын біз өз қызметіміз жайлы баспасөз баянын жіберетінбіз, бірақ үн қатқандар аз болатын. Енді мен шын мәнінде көрсеткішке қол жеткізу үшін, ақпаратқа басқаша қарау керек екендігіне, яғни ақпаратты тек таратып қана қоймай, оны ұсына білу қажеттілігі жайлы білдім», – дейді ішкі мигранттар жұмысына мамандандырылған «Арыш» Қоғамдық бірлестігінің әлеуметтік бөлімінің менеджері Нурия Темирова.

Семинар-практикумның үйлестірушісі Елена Воронинаның пікірінше мұндай оқыту шараларын мемлекеттік баспасөз қызметі қызметкерлеріне арнап өткізу уақытында болды, себебі ресми құрылымдардың баспасөз қызметтерінің рөлі өсу үстінде.

«Уақыт өзгеруде. Көптеген баспасөз қызметтері, сонымен қатар журналистер және жалпы біздің қоғам жағдайға дайын болмады. Мен бұл семинар бұдан кейін болатын осы бағыттағы шаралардың басы деп білемін. Бүгін дағдарысқа қарсы байланыс пен осындай жағдайда жұмыс істеу тәсілдері қоғамдағы басқа да мемлекеттік ведомство туралы пікір қалыптастыратын баспасөз қызметі қызметкерлеріне де, өзге де медиакеңістік қатысушыларына да қажет», – дейді Елена Воронина.

«Құқыққорғаушы ҮЕ-на арналған ақпараттық-ағартушы қызмет» тренингі (Public Outreach)

4-5 маусым күні Ош қаласында, ал 11-12 маусым күндері Бішкек қаласында құқыққорғаушыларға арналған ақпараттық-ағартушылық кампанияларды жоспарлау мен құқыққорғау қызметінде әлеуметтік маркетинг әдістерін қолдану бойынша тренингтер өтті.



Тренингтің негізгі мақсаты құқыққорғаушы ҮЕҰ қызметкерлерін өз аудиториясының қажеттілігін ескере отырып медиастратегияны қалай құру және осы қажеттіліктерге болашақта қалай оңтайлануды үйрету болды.

Практикалық интерактивті тапсырмалар барысында ҮЕҰ жұмысында әлеуметтік маркетинг әдістерін қолдану, медиакомпанияларды жоспарлауда рөлдерді бөліп қарастыру, баспасөз баяндарының мәтінін дайындау игерілді.

Тренер ретінде байланыс саласының тренер-кеңесшісі, «КУТ-Консалт» ҚҚ-ның даму бойынша менеджері, Қырғыз-Ресей Славян Университетінің халықаралық журналистика кафедрасының оқытушысы және IWPR-дың «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» жобасының үйлестірушісі, “public relations” саласында 5 жылдан астам еңбек еткен Айгүл Болотова келді.

Тренер Ирины Чистякованың пікірінше ҮЕҰ-дың көптеген жұмысшыларына бизнес-құрылғы білімі жетіспей жатады. «Әлеуметтік маркетингтің басты мақсаты нарықтық құралдарды пайдалана отырып нысанаға алған топтармен жұмысты жақсарту. Тауарды дамытқан кезде кез келген бизнес аудиторияның қажеттіліктеріне баса назар аударды. Медиа алаңды емес аудитория-

мен бетпе-бет жұмыс жасайтын ҮЕҰ үшін үлкен шығынды қажет етпейтін BTL-маркетинг, партизандық маркетинг, акциялар секілді маркетингтік құралдар қажет», - дейді Ирина Чистякова.

«Тренинг барысында менде біздің ұйымның акцияларын өткізуге байланысты көптеген идеялар пайда болды», - дейді тренинг қатысушысы, «Эгль» ҚҚ-ның құқықтық бағдарламасының үйлестірушісі Алмаз уулу Атай. Ол тренинг өзіне маркетинг бойынша білім шеңберін кеңейтіп, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі жайлы білуге көмектескенін айтады.

Қызметі ауыл жастарына ақпарат беріп отыру болып табылатын ОО «Келечек доору» ҚҚ өкілі Нагима Абдылдаева тренингте журналистерді өз ұйымының қызметін қалай қызықтыру жайлы бағалы кеңестер алғанын айтты.

«Мен қолымызда бар журналистермен байланысты дұрыс пайдаланбайтындығымызды түсіндім, ал дұрыс ұйымдастырған жағдайда қосымша шығынсыз-ақ екі жаққа да пайдалы қарым-қатынас орнатуға болады. Жақын арада біз Ыстықкөл жағлауын тазалауға байланысты экологиялық акция ұйымдастырмақпыз, ол жерде осы тренингте үйренген BTL-әдістерін қолданамыз», - дейді Нагима Абдылдаева. Сонымен қатар ол әлеуметтік маркетинг бойынша алған білімімен аймақтағы ұйым қызметкерлерімен бөлісетінін жеткізді.

«Қылым Шамы» ҚҚ-ның Жалал-Абад қаласындағы бөлімшесінің өкілі Абдуназар Маматисламов айтып кеткендей ұсынылған маркетингтік технологиялар қазіргі кезде өте пайдалы, оларды құқыққорғау бағытында да тиімді әрі тең түрде пайдалануға болады это.



«Осы тренингтің арқасында мен өзімнің журналист ретінде де, құқыққорғаушы ретінде де ақпараттық-ағартушылық бағыттағы кемшіліктерімді көре алдым. Болашақта дұрыс жоспарлау адам құқықтарын бұзудың алдын-алуға көмектеседі деп ойлаймын», - дейді «Бала құқығын қорғаушылар лигасы» желісінің өкілі, «Open.kg» журналисті Музаффар Турсунов.

Тренинг қатысушылары ұйымдардың акцияларының, BTL-шараларының және БАҚ-мен жұмыс жасаудың құқықтық негізінің құқықтық жағын қозғайтын тренингтер жиі өткізіліп тұрса деп ниет білдірді.

Қырғызстан мен АҚШ сарапшылары ҚР болған саяси жағдайды видеоконференция форматында талқылады

2010 жылдың 23 маусымында Қырғызстандағы Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі Институт (IWPR) өкілдігінде «Референдум қарсаңындағы Қырғызстан» видеоконференциясы өтті. Видеоконференцияны IWPR Карнеги Қорымен (Вашингтон) біріге отырып өткізді.

Талқылауға Қырғызстан жағынан сарапшылар Ишенбай Абдуразаков, Валентин Богатырев, Тамерлан Ибраимов, Марс Сариев, Эльмира Ногойбаева және Кадыр Маликов, АҚШ тарапынан Халықаралық әлем үшін Карнеги Қорының, АҚШ Мемдепартаменті, ЮСАИД, халықаралық діни бостандық бойынша АҚШ Комиссиясы (USCIRF) өкілдері және тәуелсіз зерттеушілер қатысты.

Видеоконференция барысында екі жақ белсенді түрде жағдай бойынша мәселелерді талқылап, Қырғызстанның болашағы жайлы сөз қозғады. Талқылау референдум Қырғызстанға не береді деген

бағытта өрбіді. Елдегі жалпы саяси жағдайға аймақтағы ішкі және сыртқы мүдделі топтарды есепке ала отырып сиепаттама берілді. Сонымен қатар сарапшылар ел оңтүстігінде қалыптасқан жағдай, оның асқынуының себептері мен жағдайдың тұрақталуы туралы өз көзқарастарын білдірді.

«Референдум барысында Вашингтондағы әріптестермен болған Қырғызстандағы саяси жағдайды талқылау жемісті болды. Видеоконференция – пікір алмасудың тиімді және қызықты түрі», - деді қырғызстандық қатысушылардың бірі, саясаттанушы Марс Сариев.

Марс Сариевтің пікірінше маусым оқиғасы кезінде Қырғызстанның оңтүстігінде біз ақпараттың алаңның үлкен ықпалға тап болғандығын, соның салдарынан «әлем Қырғызстанда болып жатқан оқиғалар туралы біржақты хабар алып отырғандығын» көреміз.

Сарапшылар кез келген ұлтқа қатысты дау-жанжал тез өршиді және бүгінгі күні де жағдай тұрақталудан алыс тұр дейді.

«Қазіргі күні оңтүстікте қоғам өздігінен ұйымдасып жатыр, асақалдардың бейбітшілікке шақыратын топтары пайда болуда, алайда басқа тенденцияға сәйкес өз өмірі мен мүлкін сақтап қалу үшін адамдар қару қолдануға дайын», - дейді «Дін, құқық, саясат» тәуелсіз сараптамалық орталығының директоры Кадыр Маликов.

Американдық видеоконференция қатысушылары қырғызстандық әріптестерінен Қырғызстанда болып жатқан оқиғаларға көршілес елдердің қалай үн қатқаны, елдің негізгі заңын өзгертуге байланысты елдің хабардар болу-болмауы, босқындардың мәселесі мен жанжалды шешудегі халықаралық қауымдастықтың алатын рөлі жайлы сұрады.

Қырғызстандық сарапшылар Қырғызстан азаматтары үшін референдум «тұрақтылық, қауіпсіздік, және Уақытша үкіметке сенім білдіру» болатындығын айтты.

Өзгерістердің негізгі мағынасын халықтың басым бөлігі түсінеді деп санайды қырғызстандық саясаттанушылар. «Перспектива» сараптамалық консорциумының жетекшісі

Валентин Богатырев атап өтіп кеткендей, ҚР жаңа Конституциясында бір негізгі өзгеріс бар, ол: үкіметке билік жүргізу президенттен парламентке өтеді. Богатыревтің сөзіне қарағанда, мұны ішкі де, сыртқы да ойыншылар түсінеді.

Кездесуде сонымен қатар мемлекеттің үйлестірушілік қабілетімен байланыстағы Қырғызстандағы парламенттік құрылымның ерекшеліктері сөз болды. Сарапшылар партиялардың ұлттық және діни негізде бөлініп, аймақтағы жағдайдың ерекшелігін ескере отырып сепаратистік қозғалыстарға ауып кетуі мүмкін екеніне назар аударды.



Сарапшылар сонымен қатар болашақ билікті ұйымдастырудағы шарттарды талқылады, парламент сайлауының қалай өтетіндігіне және билік институттарының болашақта қалыптасуына болжам жасады.

«Қазір жағдай 2005 жылға қарағанда жақсырақ, ол билікте бәсекелес партиялардың барлығынан және олардың көпшілігінің сайлауға қатысатындығынан көрініп тұр. Олар халықаралық бақылаушылармен қатар сайлауда әкімішілік ресурстың пайдаланып кетуіне жол бермейді. Тіпті осы бағыттағы азғантай талпыныстың өзі жарылысқа әкелуі мүмкін» дегенге саятын пікірлер айтылды.

Сонымен қатар сарапшылар парламенттік сайлаудан кейін болатын елі реформалау оңайға соқпайтынын айтты. Бірқатар сарапшылардың пікірінше қазіргі саяси жағдайға байланысты Қырғызстан парламентінде бірде-бір көпшілік дауысқа ие болған партия болмайды. Мұндай жағдайда үкімет құрамы мен үкімет басшысы жайлы келісу оңайға соқпайды. Жаңа конституция бойынша үкіметті жасақтауға үш әрекет бар, алайда осы уақыт ішінде келісім бола қояды деу қиын. Олай болса парламенттік таратылуы немесе үкіметте жаңа адамдардың пайда болуы әбден мүмкін. «Тіпті қалыптасқан күннің өзінде, ол құрақ

парламент болады» деп атап өтіп кетті қырғызстандық сарапшылар.

Сараптамалық келіссөз өте маңызды. Шетелдік сарапшылар Қырғызстандағы жағдайға басқаша қарайды. Оларда Орталық Азияға тұрақты түрде келіп тұру мүмкіндігі болмағандықтан, видеоконференция арқылы жергілікті ойды сезініп, аймақтағы сараптамалық орталық мамандары, әріптестерінің көмегімен елде болып жатқан процестерді түсіне алады.

Тиімді пікір, тәжірибе және көзқарас алмасу Қырғызстанның оңтүстігінде маусым айында болған секілді жағдайлардың алдын-алуға мүмкіндік береді. Сондықтан түрлі елдерден келген әріптестермен біріге отырып дұрыс шешім қабылдауға мұнда мүмкіндік бар.

«Сараптамалық келіссөздер түрлі елдегі әріптестермен неғұрлым жиі өткізіліп тұрса, қойылған сұрақтардың ауқымы неғұрлым кең болса, қатысушылар үшін де, елдегі оқиғаларды дұрыс түсіне білу үшін де, мемлекеттер арасындағы саяси қатынастарды тану үшін де соғұрлым пайдалы болар еді», – дейді видеоконференция қорытындысы бойынша қоғамдық қайраткер Ишенбай Абдуразаков.

«Тәжікстандағы қыз балалардың орта білімге қол жеткізуі» қоғамдық дәрісі

24 мамыр күні Душанбеде, С. Аини атындағы Тәжікстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «Тәжікстандағы қыз балалардың орта білімге қол жеткізуі» тақырыбында ашық қоғамдық дәріс өтті.

Дәріс Еуропалық Одақ қаржыландыратын Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі Институттың (IWPR) «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында өтті.

Дәріс беруші «Жоғары білімді әйелдер» қоғамдық ұйымының төрайымы, ЮНЕСКО кафедрасының оқытушысы Гулджахон Бобосадыкова болды.

«Үстіміздегі жыл Тәжікстанда білім жылы болып жарияланды, осыған байланысты біздің тақырып өзектілікке ие болып отыр. Гендерлік теңдік туралы заңдар мен

Тәжікстан қол қойған халықаралық адам құқығы туралы құжаттарға қарамастан ұл балалар мен қыз балалардың білім алуға қол жеткізуі түрлі деңгейде қалып отыр», – деді дәріскер ТМПУ-нің 50-ден астам студентіне.



Г. Бобосадыкованың сөзіне қарағанда бұған елдің өмір сүру деңгейінің төмендігі, отбасындағы әйел рөлі жайлы дәстүрлі түсінік, білім сапасының төмендеуі әсер етуде.

«Мұнда көп дүние мұғалімге байланысты. Сіздер болашақ ұстаз ретінде қыз бала оқушыларыңызға абай қарау керексіздер, себебі оларды елемей қыз балалардың мектепке баруына кедергі болып отырған дүниенің бірі», – дейді ол.

Студенттердің пікірінше дәріс кезінде көтерілген тақырып шын мәнінде өте өзекті.

«Өте қызықты дәріс болды, мен оқытушы болып істеген кезде жұмыс барысында осы кеңестерді қолданамын. Ол мысалы мұғалімнің оқытушы ата-анасымен және оқушының өзімен мектепте жұмыс істеуіне байланысты», – деді студенттердің бірі.

«Мемлекеттік органдар баспасөз қызметінің БАҚ-мен қарым-қатынасы» тақырыбына арналған семинарлар

28 және 30 маусым күндері Душанбе мен Худжнадта «Мемлекеттік органдар баспасөз қызметінің БАҚ-пен қарым-қатынасы» тақырыбына арналған семинарлар сериясы болып өтті.

Шараны Тәжікстандағы Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі Институтының (IWPR) өкілдігінің Еуропалық Комиссия қаржыландыратын «Орталық Азиядағы адам құқығы мен құқықтық білімді БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында Тәжікстанның Тәуелсіз БАҚ ұлттық ассоциациясы USAID

қаржысына Интерьюстың қолдауымен ұйымдастырды.

Бұл семинарлардың мақсаты ресми ақпарат көздеріне қол жеткізуді оңтайландыру мен мемлекеттік органдар баспасөз қызметі, ҮЕҰ, БАҚ арасында тиімді қарым-қатынас орнатуды жақсарту жолдарын дамыту болды.

Тәжікстанның сыртқы істер Министрлігінің ақпарат департаментінің жетекшісі Давлат Назаровтың пікірінше мұндай шараларды өткізуге деген қажеттілік әрқашан өзект.



«Бұл жағдайды дұрыс бағалап, БАҚ пен ақпарат көзінің арасындағы қатынасты дамытуға жол табу», – дейді ол.

Душанбеде өткен семинардың өзге бір қатысушысы, ТР БАҚ бойынша кеңес төрағасы, профессор Иброхим Усмонов кездесу бойынша жақсы нәтижелер күтуде. «Егер ең болмағанда бірнеше қатысушы біздің ақыл, кеңесімізді болашақ жұмысында пайдаланса, онда біз нәтижені сеземіз», – деді ол.

Худжандта шара одан да өткен үлкен әсер қалдырды. Семинарда аша келе ТТБАҚҰА төрағасы

Нуриддин Каршибоев БАҚ-на ресми ақпарат берудегі және мемлекеттік билік органдарының қызметінің ашықтығын арттырудағы мемлекеттік органдар баспасөз қызметінің рөлін ерекше атап өтті. Өз кезегінде Худжанд қаласының төрағасының бірінші орынбасары Иброхимджон Иброхимов баспасөз қызметі қызметкерлерін журналистермен және БАҚ-пен тығыз байланыста болуды ұсынды.

Семинарға қатысушы басқа да мамандар мұндай кездесулердің тиімділігін атап өтті:

«Осындай кездесулерді жиі ұйымдастырып отыру қажет. Осы жерде ресми құрылымдар мен журналистер арасында пайда болатын даулы мәселелерді талқылап, оны шешу жолдарын қарастыра аламыз», – дейді тәуелсіз «Азия» телерадиокомпаниясының директоры Азамхон Акбаров.

«Вароруд» агенттігінің бас директоры Ильхом Джамолиннің пікірінше осындай шаралар өткізуге деген қажеттілік баяғыда-ақ туындаған.

«Облыс деңгейіндегі мемлекеттік билік органдарында баспасөз қызметтері бар, алайда көптеген қызметкерлердің БАҚ-мен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ, олар тіпті жай журналистермен байланыста болмайды, ал бұл семинар оларға үлкен тәжірибе болды. Тренингтің мақсаты – билік органдары мен журналистердің арасындағы қарым-қатынасты жақсарту болды, бұл екі жақтың қызығушылығын тудырып отыр. Болашақта бұл жұмыста жалғастыру керек деп ойлаймын», – дейді ол.



ӨЗЕКТІ СҰХБАТ



Тәжікстандық Омбудсмен: «Біз Арызды Бәрінен Бірде Қабылдаймыз»

Өткен жылдың мамырында Тәжікстанда алғаш рет омбудсмен тағайындалған еді. Бір жыл ішінде жүргізілген жұмыс нәтижелері, болашақ жоспарлар және елдегі адам құқығына байланысты жағдайға берген бағасы жайлы IWPR-ға берген сұхбатында Тәжікстандағы адам құқығы бойынша Уәкіл Зариф Ализода айтып берді.

Сұхбатты Тәжікстан бойынша IWPR редакторы Парвина Хамидова жүргізді.

IWPR: *Мамырда Сіздің омбудсмен болып тағайындалғаныңызға бір жыл болады. Өзіңізді құқыққорғаушы ретінде қалай сезінудесіз?*

Ализода: Бұл жыл біздің ұйым үшін сынақ кезеңі болды... Менің ойымша, біз көп дүние жасап үлгердік. Ең әуелі біз институ деңгейіне өттік, көптеген ұйымдастыру мәселелерін шештік... Сонымен қатар, біз 2010 жылға арналған өте үлкен жоспар құрып қойдық. Ол біздің жұмысымыздың негізгі бағытын анықтайды және адам құқықтары бойынша өкілдің аппаратын дамытуға ықпал етеді деп ойлаймын.

Жекелеп алғанда ол республика аймақтарында қоғамдық қабылдау орындарын құруды ұсынады. Өзірге олардың нақты саны белгісіз, бәрі біздің ұйымдастыру және материалдық-техникалық мүмкіндіктерімізге байланысты. Біз қазір осы бағытта қолдау білдіре алатын донорлар іздестіру үстіндеміз. Ең әуелі қоғамдық қабылдау орталықтарын облыс орталықтарында: Худжандта, Курган-төбеде және Хорогта, сонымен қатар басқа да қалалар: Вахдат, Турсунзаде, Кулябе, Рашт ауданында ашсақ деп ниет білдіріп отырымыз.

Біздің өкілдіктерімізді облыс орталықтарында ашу жұмысымызды ретке келтіруге мүмкіндік береді. Яғни жергілікті мәселелер сол жергілікті орталықта шешімін табады, ал қалғаны орталық кеңсемізге жөнелтіледі.

Сонымен қатар, біз басқа да құжаттарды әзірледік. Олардың ішінде ТР «Адам құқықтары бойынша уәкіл туралы» заңына сәйкес біздің институттың жанындағы сараптамалық кеңес туралы Ереже де бар. Бұл түрлі құрылымдар өкілдерінен тұратын, арасында адам құқығымен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар өкілдері де бар кеңес беруші орган болады. Сарапшылар кеңесінің жанынан қажет болған жағдайда жекелеген бағыттар бойынша жұмыс топтары да құрылады. Қазір бұл құрылым қалыптасу кезеңінде.

Уәкіл қызметінің басқа да бағыттары келесілер: жыл сайынғы баяндама дайындау, оны мен ақпан айында ұсынбақпын. Айтпақшы, ол баяндамамен біздің қоғамдық қабылдау орындары да жұмыс жасайды, ал ол аймақтағы жағдай туралы нақты ақпаратпен дайындауға мүмкіндік береді.

Осылайша, адам құқықтары бойынша уәкілдік Институты азаматтардың құқықтарын қадағалау мәселелері бойынша мемлекеттік органдар арасында үйлестіруші орган болмақ.

Біздің құрылым – жаңа ұйым, сондықтан бізді танып білу үшін толыққанды ақпарат бар кітапшалар мен таратпа материалдар әзірледік. Маусым айынан бастап ел аймақтарында халыққа біздің жұмысты, мақсатымызды және жұмыс жолдарымызбен таныстыру үшін және қарым-қатынас орнату үшін семинарлар сериясы басталады. Бұл семинарларда біздің өкілдерден бөлек азаматтық қоғам өкілдері де қатысады.

Ал өзім алған әсерлер жайлы айтатын болсақ, бұл жұмыстың ең жағымды тұсы адамдарға өз құқығын қорғау үшін көмек көрсету болды. Бірақ, бір гәп бар, ол арыз айта келгендердің бәрі бірдей әділ сөз айтпайды. Адамды оның ұстанып отырған көзқарасы дұрыс емес екендігіне сендіру өте қиын дүние...

IWPR: *Сан мен мысалда келтірсек адам құқығы бойынша уәкіл ретінде істеген жұмысыңыздың қандай негізгі жетістіктері бар?*

Ализода: Уәкіл қызметіне ресми түрде 27 мамырдан бастап кіріссем де, біздің ұйым өз жұмысын өткен жылдың қыркүйегінде бастап кетті. Осы уақыт аралығында бізге азаматтардан 895 хат, шағым келіп түсті, олардың 300-і жазбаша ал қалғаны ауызша түрде болды.

Азаматтарды біздің кеңсенің қабылдау бөлмесінде кезекші қарсы алады, қабылдауды институт жетекшісі де күн сайын өткізеді. Мысалы мен сәрсенбі және сенбі күндері қабылдаймын. Басқа күндері уәкілдік аппаратының жетекшісі мен бөлім басшылары қабылдайды.

Бізге түрлі топтағы азаматтар келеді. Сот актілері бойынша көптеген шағымдар түсіп жатады. Жалпы шағымның жартысынан астамы осы мазмұнда болып келеді. Сот үкімдеріне шағым айтады, олардың заға сай я сай емес екендігін жайлы таласады. Адамдар құқыққорғау органдарына да, атқарушы биліктің жергілікті органдарына да, заңсыз жұмыстан босатуға байланысты жұмыс берушілерге де айтатын өкпе-назы бар.

Тәжікстан азаматтарымен қатар бізге шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар да келіп өз арыздарын бере алады. Біз арызды бәрінен бірдей қабылдаймыз.

Шетелдіктерден бізге Ауғанстан азаматтары көптеп келіп жатты, олар үшінші елге, мәселен Канадаға, көшуге көмек беруді сұрап жатады. Мұндай жағдайда біз босқындар ісі туралы БҰҰ-ның Жоғарғы Комиссариатынан мұндай көшіп-қонудың

мүмкіндігі жайлы ақпарат алып берумен ғана шектелеміз. Мұндай жағдайда көп дүниені қабылдаушы жақ шешеді.

Ресейге көшкен отандастарымыз да хабар-ласқан кездер болды. Мысалы, бізге бұрын Тәжікстанда тұрған, 90-жылдардың басында жұмыста зақым алып, бірақ осы фактіні растайтын құжаттарын 1992-1997 жылдары болған азамат соғысы кезінде жоғалтқан Ресей азаматы келіп арызданды. Біз оған құжаттарын қайта қалпына келтіруге әділет Министрлігі мен Тәжікстанның әділет Кеңесінің қолдауымен көмек көрсеттік.

IWPR: *Сіз есеп дайындалып жатқаны жайлы айтып кеттіңіз. Оның негізгі тұстары қандай болмақ? Қай саладағы құқық-бұзушылық Сіздің қарныңызды ашырады?*

Ализода: Өр тоқсан сайын біз жұмысымызды қорытындылаймыз. Бірақ бір бағытты анықтау қиынға соғуда. Бізге келген арыз-шағымдарға қарағанда жұртты сот шешімі мазалайтын секілді. Менің ойымша, бұл сот-құқықтық реформа Бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты ел заңнамасына енгізілген өзгерістермен байланысты.

Осы жылы жаңа қылмыстық іс жүргізу кодексі күшіне енді, ол сот қолына бүкіл құзырды беріп отыр (мысалы, тұтқындауға рұқсат және т. б.). Менің ойымша, осыған байланысты сот органдарына шағым көбейіп отыр. Сонымен қатар олардың саны өседі деп санаймын.

IWPR: *Тәжікстандағы адам құқығының бұзылуының ең көп кездесетін жері сот деп есептеуге бола ма?*

Ализода: Жоқ, мен олай деген жоқпын. Арыз-шағымның көптігі сот кінәлі дегенді білдірмейді. Олардың құзыры арты, яғни сәйкесінше жауапкершілігі де күшейді. Арыздың бәрі шындыққа сай келе бермейді. Сотта жеңілген жақ болады және ол шығарылған шешімге келіспейді.

Бізде адам шығарылған үкімге көңілі толмайтын жағдайлар кездесті. Біз бәрін тексеріп заңға қайшы ештеңе тапқан жоқпыз, арызданушыға бәрін түсіндіруге тырыстық, алайда ол бәрібір өзінікін дұрыс деп санай береді.

IWPR: *Басқа мемлекеттік құрылымдарға қарағанда Сіз халық алдында жүретін статуска ие жансыз, осы жылы Сіз неге кейбір анық деген адам құқығының бұзылуларына үн қатпадыңыз? Мысалы Рогун СЭС-*

ның акцияларын адамдарға күштеп сатуға байланысты, ол туралы БАҚ көптеп жазды да? Сіз арыздармен, кеңестермен неге шықпадыңыз?

Ализода: Мен бұл акциялар күштеп сатылып жатыр демес едім. Мен әрине баспасөз бетінен бұл жайында оқыдым. Бірақ бізге ешкім осы мәселеге байланысты шағымданып келмеді.

Ал қандай да бір мәлімдемелрге келетін болсақ, мен әрине түрлі оқиғаларға үн қатып отыра аламын. Бірақ өзiрге қажеттілік жоқ деп санағандықтан олай істемедім. Егер қандай да бір әңгімелер шықса, ол мәлімдеме жасап шыға келу керек деген сөз емес.

Оның үстіне Рогун СЭС-не байланысты Президент Рахмонның өзі ресми түрде бірнеше рет акциялардың ерікті түрде берілетіні жайлы мәлімдегені бар. Отанын сүйетіндер және мүмкіндігі барлар бұл акцияларды сатып алулары тиіс. Мен мұнымен келісемін. Рогун Тәжікстан үшін тағдырлы жоба және ол ел болашағы үшін маңызды рөл ойнайды.

Ал менің халық алдында жүру-жүрмеуіме келетін болсақ, мен өткен жылы баспасөз бетіне жиі шығып жүрдім.

IWPR: *Кейбір ірі оқиғалар туралы жеке сұрасақ деп едік. Мен Исфараның 30 тұрғынын тұтқынға алынуы туралы айтып отырмын, ол шешімнің әділдігіне тіпті бұрынғы бас прокурор [Бободжон Бобохонов] күмән келтірді. [Редакциядан ескертпе: 2009 жылдың маусымында Исфараның 31 тұрғыны прокурордың жазаны жеңілдетуін сұрағанына қарамастан 25 жылға бас бостандығынан айрылып кете барды. Оларға заңсыз қару ұстады, бұзақылық жасады, алдап ақша алды, ұрлады және салықтан жалтарды деген айыптар тағылды].*

Сонымен қатар осыдан кейін болған сотталғандардың қорғаушысының мәлімдемесін жариялаған үш газетке [«Азия-Плюс», «Фараж» және «Озодагон»] байланысты сот процестерін меңзеп отырмын. Сіз бұл іске қандай түсінік берер едіңіз? Оның үстіне Джураевтың [қорғаушы] мәлімдемесі Сізге де бағытталды емес пе?

Ализода: Исфариндіктерге келетін болсақ, олар өз уақытына бізге хабарласты, алайда іс сот қарауында жатқандықтан біз барлық арызды сотқа жібердік.

Айыпталғандардың өздеріне біз сот өз мүддесін қалай қорғау керектігі, іс ба-

рысында өз жағын қалай дұрыс ұсынуы туралы кеңестер айттық.

Қорғаушының мәлімдемесінде жемқорлық секілді ауыр айыптар айтылды, ал заң бойынша біз қылмыстық істерді қарай алмаймыз, сондықтан мәлімдемені Бас прокуратураға шешімін тапсын деп жібердік.

IWPR: *Айтылған үш газетке қарсы жүріп жатқан сот процесін Сіз сөз бостандығына жасалған қысым деп бағалайсыз ба?*

Ализода. Бұл сот процесіне біздің өкіл қатысуда. Өзірге сот жүріп жатыр және біз ол жайында ештеңе дей алмаймыз. Оны қысым көрсету деп те айтуға келмес.

IWPR: *Тәжік түрмелерінде отырған тұтқындардың жағдайы да өз алдына бөлек проблема... Айтыңызшы Сіз пенитенциарлы мекемелерге еркін кіріп-шыға аласыз ба? Тұтқындардың жағдайы Тәжікстан қол қойған халықаралық құжаттарға сай болуы үшін не істеп жатырсыздар?*

Ализода: Заң бойынша мен кез келген пенитенциарлы мекемеге кіре аламын, ол жердің жағдайын еркін көре аламын. Жақын уақыттағы жоспарларымда осы жерлерге кіріп шықсам ба деп ниет танытып отырмын. Мен мұны жеке өзім жасамақпын.

Ол жерлерде белгілі бір түйткілді мәселелердің бар екенін білемін. Көптеген мекемелер бұрынырақта, өткен ғасырдың 30-жылдары салынған. Ғимараттар мұндай орын болуға лайықталмаған. Бұл мәселені шешетін уақыт келді. Біздің мемлекет осы сұраққа байланысты, жаңа түзету мекемелерін салуға байланысты донорларға көмек сұрап, ізденді. Уәкілдік институты осы мәселені көтеріп, оның шешімін табуға ат салысып бағуда.

Ал азаптау мәселесіне келетін болсақ, ол тек бұл мекемелер де ғана кездеспейді...

IWPR: *Осы азаптау мәселесіне байланысты толығырақ тоқталсақ, Сіздің ойыңызша бұл мәселе бізде қаншалықты өзекті?*

Ализода: Бұл проблема бар. Бізге азаматтар тарапынан бірнеше арыз келіп түсті, олардың арасында тұтқынға алу мен тергеу барысында азаптаудың қолдануы туралы шағымдар да бар. Біз осы бағытта жұмыс жасамақпыз және осыған қатысы бар ұйымдармен де байланыспақпыз.

IWPR: Жақында Тәжікстанда болған БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун өз арызында республикада азаптау мен басқа да қатігез, адамшылыққа жат және ар-намысқа нұқсан келтіретін азаптауға қарсы Конвенцияның Факультативті Хаттамасына қол қойылмағандығын атап көрсетті және оны ратификациялауға шақырды. Осыған байланысты Сіздің пікіріңізді білсек?

Ализода: Қазір біз осы құжатты ратификациялау мүмкіндігін қарастырамыз. Бірнеше дөңгелек үстел өткізіп, бұл мәселені барлық тараптармен – үкіметтік құрылымдармен, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен тақылаймыз деп отырмыз. Олардың пікірі сараптаманы қажет етуде.

Мәселе бұл құжатты ратификациялаудың қаржылық жағының да болып отырғанымен байланысты, мысалы, азаптау қолданылған жағдайдағы төленетін өтемақы. Сондықтан ұсыныстар бермей тұрып, мәселені барынша зерттеп алғанымыз дұрыс.

IWPR: Біздің ел ратификацияламаған тағы бір халықаралық құжат, ол – әйелдерге қатысты шеттетуді жою бойынша конвенцияның Хаттамасы. Әйфел құқығының бұзылуы біздің елде өзектілікке ие болып отыр. Осыған байланысты аталған Хаттаманың мүддесін қудалауды Сіз өз мойныңызға ала алар ма едіңіз?

Ализода: Біз әйелдер ұйымдарымен тығыз қарым-қатынастамыз. Бұл проблеманы көтергенбіз, гендерлік теңдік пен әйелдерге күш көрсетуді жою және басқа да мәселелерді талқылаймыз. Өзірге бұл құжатты ратификациялау жайлы қандай да бір уақыт кезеңі туралы айту ерте.

Адам құқығына байланысты Тәжікстан жолығуы мүмкін халықаралық құжаттар жеткілікті, олардың қатарында өлім жазасын алып тастауға байланысты азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің Факультативті хаттамасы, мүгедектер құқығы туралы Конвенция. Біз осы бағыттарда жұмыс жасап жатырмыз.

IWPR: Тәжікстан Кеңес одағының басқа да елдерімен қатар біртіндеп заңнамасын адами қағидағаларға бейімдеп жатыр. Сіз қалай ойлайсыз, біздің ел өлім жазасы секілді жаза түрінен толық бас тартуға дайын ба?

Ализода: Сұрақ оңай емес, әсіресе бұрынғы Одақ аумағындағы елдер үшін. Біржақты пікір айту қиын. Көп дүниені зерттеп, сараптау қажет. Асығыста бұл сұраққа жауап бере алмаймын. Бұл өте үлкен жауапкершілікті тақырып.

IWPR: Елдегі тағы бір проблема – еңбек мигранттары. Парламентке арнаған соңғы жолдауында президент Эмомали Рахмон осы мәселені қадағалайтын арнайы құрылым қа-

жет екенін айтты. Осы болашақ құрылымға қандай кеңес бере аласыз? Азамат пен мемлекет бір-бірінен алыс жатқан елде адам құқықтары қалайша қорғалмақ?

Ализода: Президенттің бұл бастамасы өз уақытында болды. Мигранттан ел үшін, ел экономикасы үшін қажет. Жеке үкіметтік құрылым бізге қажет, себебі түрлі ведомстволар осы мәселемен айналысуда және оны үйлестіру қиын.

Біздің ұйым шеттеп қалмайды. Өз құзырымыздың шеңберінде шет елдегі мигранттардың құқығының қорғалуына әсер етуге тырысамыз. Біздің азаматтар жұмыс істейтін бірнеше аймақ омбудсмендерімен жақсы қарымқатынас орнаттық. Бұл Ресей Федерациясының адам құқықтары бойынша уәкіліне де қатысты...

Тәжікстанның өзінде де көп дүние тындыруға болады. Ең әуелі біздің азаматтарымызды барлық заңдық негізді, құжаттармен бірге жұмысқа алу жағын реттеу керек. Түрлі түйткілді мәселелер осы құжаттардың болмауына байланысты шығады. Тағы бір мәселе кәсіби кадр дайындауға келіп тіреледі, оқыту орталықтарын бұдан да көптеп ашу қажет. Мигранттардың құқықтық сауаттылығын көтеру керек, көп жағдайда олар өз құқықтары үшін күресе алмай жатады. Сонымен қатар орыс тілін білу деңгейін де арттыру қажет.

АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ

ЖҚТБ санының артуына байланысты Орталық Азия елдерінің халқы алаңдаушылық білдіріп отыр

Халықтың жаппай миграцияға көшуі осы вирустың кеңінен таралуына жол ашуы мүмкін.

Дина Токбаева, Бексултан Садыркулов, Аслибегим Манзаршоева – Орталық Азия

Жүкiтiлiктiң жетiншi айында анализ тапсыру барысында Нигора өзiнде ЖҚТБ бар екенiн бiлдi. Дәрiгерлер оның күйеуiне осы туралы айтқан кезде, ол шет елде ақша табу жолында жүрген кезде қорғаныссыз жыныстық қатынасқа түскенiн мойындады. Оған жүргiзiлген анализдер де ЖҚТБ-ның бар екенiн дәлелдедi.

«Мен мұндай ауру бар екенiн тiптi бiлген де жоқпын, сондықтан қорғанбадым», – дейдi Нигораның күйеуi.

Нигораның сәбиi ЖҚТБ-сыз дүниеге келдi, алайда оның алғашқы баласы емшек сүтi арқылы вирус жұқтырды.

Нигораның басынан кешкенi бұл аймақтағы көптеген осындай мысалдардың бiрi ғана. Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан жүздеген мың адам, олардың көпшiлiгi ер адамдар, ұзақ уақытын шет елде, көп жағдайда Ресейде жұмыс iстеп, ақша табу мақсатында өткiзедi. Онда олар ЖҚТБ вирусын қорғаныссыз жыныстық қатынас арқылы немесе кей жағдайда қан тамыры арқылы қолданатын есiрткi үшін пайдаланатын инелер арқылы жұқтыру қаупiне кезiгедi. Отандарына оралған соң олар вирусты жолдасына жұқтырады, бұл қасақана да болмауы мүмкiн, ЖҚТБ туралы ақпараттың жоқтығы мен ол туралы айтудан ұялу жеткiлiкт.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес ортаазиялық мемлекеттерінде қазір ЖҚТБ-мен ауыру деңгейі өсу үстінде. Статистика бұл аурудың кеңінен таралуы есірткіге үйір болғандар арасында ортақ ине пайдалану арқылы, қорғалынбаған жыныстық қатынас арқылы және кейбір жағдайда коммерциялық секс қызметкерлерінің қызметін пайдалану арқылы жүріп отырғандығын көрсетеді. Толық статистиканың жоқтығына қарамастан ЖҚТБ-ның тек мигранттар арасында жеке әлеуметтік топ ретінде ғана таралмағанын көреміз

Алайда мигранттардың ерекшелігі сонда, олар жұқтырған жағдайда бүкіл Орта Азия бойынша олардың отбасылары да осы ауруды жұқтыру қаупіне ие болады.

Осы мақалада сөз болғалы отырған Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан аймақатғы бес мемлекеттен бөлініп қарастырылады, себебі бұл елдерден көптеген азамат не еңбек мигранты, не еңбек мигрантының отбасы болып табылады. Халықтың осы мәселе бойынша білім дәрежесінің төмендігіне байланысты, мигранттың әйелі жүктілік кезеңінде тапсыратын анализдерді тапсырмағанда барып бір-ақ білмейінше я өзі, я оның отбасы ауру туралы ешнәрсе сезбей жүре береді.



Қырғызстанның оңтүстігіндегі Ош қаласындағы АҚТҚ/ЖҚТБ орталығы жақында анализ жасауға арналған жаңа қондырғы алды (Фото: Исомидин Ахмеджанов)

Сарапшылардың пікірінше елдің миграцияға ұшырауы аурудың тез әрі кең ауқымда таралуына әкеліп соғуы мүмкін, себебі? Мысалы ортақ ине қолдану шағын ғана топтың өз ішінде жүреді

«Орталық Азиядағы еңбек мигранттарының санына қарасақ, олар шамамен Қырғызстан мен Тәжікстан халқының бес-тен бір бөлігін құрайды, ал бұл көрсеткішке қарап, осы мәселенің қандай маңызды екенін біле беруге болады. Еңбек мигранттары жалпы халықтың бір бөлігі, олар елден бөлінбеген және есірткі қолданушы болсын, басқа еркекпен жыныстық қатынасқа түскен еркек болсын көпшіліктің арасында жүреді», — дейді DanChurchAid ортаазиялық кеңсесінің және католиктік қайырымдылық ұйымдарының халықаралық конференциясының (ICCO) ЖҚТБ мәселелеріне байланысты бағдарламалық звайзері Василий Эсенаманов.

«Ресми статистикадан көріп отырғанымыздай вирус біртіндеп ел арасына дендеп еніп келе жатыр, бұл жұқтырудың жаңа оқиғалары тек қауіп тобындағы, яғни нашақорлар секілді топта ғана емес, есірткі қолданбайтын жас әйелдер, балалар арасында да таралуда. Бұл өте маңызды сұрақ, себебі вирус жалпақ жұрттың арасына кеңінен таралып кетуі мүмкін».

Қырғызстан әйелдері Конгресінің басшысы Замира Акбагышеваның сөзіне қарағанда «еңбек мигранттары басқа жұртқа қарағанда тез жұқтырады, себебі жүріп-тұру осындай қауіп туғызуда. Отбасындан алыста болу, басқа да жандармен қатынасқа түсу, бұрын қалыптасқан нормалардан арылу – мұның бәрі сексуалды қатынасқа түсетін адамды жиі ауыстыруға алып келуі мүмкін».

ЖҚТБ орталық азияда шеру тартуда

Желтоқсан айының соңындағы мәліметтерге сәйкес Тәжікстанда 1,853 адам ЖҚТБ-мен тіркелген, олардың 80 пайызы ер адамдар. 2010 жылдың наурыз айында Қырғызстанда бұл көрсеткіш 2,837 адамды көрсетті, олардың 70 пайызы ер адамдар болды.

Екі елде де аурудың кеңінен тараған түрі пайдаланылған инені қайта пайдалану арқылы таралуы екені анықталды. Жұқтыру қан тамыры арқылы есірткі пайдаланатын нашақорлар арасында ең жиі кездеседі. Тағы бір жолы ол лас инелер арқылы ауруханада жұқтыру, осы жолмен 2007 жылы Қазақстанның оңтүстігінде 120 бала, ал екі жылдан кейін Қырғызстанда 170 бала вирус жұқтырды. Наурыз айында аймақтық жаңалықтар

сайты Fergana.ru 2007 және 2008 жылдары Өзбекстанның шығысындағы Наманган облысында медициналық салғырттық салдарынан 150-ге жуық аталған ауруды жұқтырғаны белгілі болды.

Тәжікстан мен Қырғызстанда қорғалынбаған жыныстық қатынас арқылы жұқтыру жалпы көрсеткіштің төрттен бір бөлігін құрайды.

Өзбекстан үшін ең соңғы мәлімет 2008 жылға берілген, оған сәйкес елде ресми түрде 1,250 адам ЖҚТБ вирусымен тіркелген, бұл 27 миллион халқы бар Өзбекстан үшін өте төмен көрсеткіш. Мысал үшін алсақ Қырғызстанда 5 миллион, ал Тәжікстанда 7 миллион адам тұрады.

Құқыққорғаушы IWPR-ға АҚТҚ/ЖҚТБ-ны жұқтыру көрсеткіші әлдеқайда төмендетіп берілгенін және соңғы екі жыл ішінде қауіп топтарына бөлінген қандай да бір статистика жүргізілмегенін айтады.

Ол сонымен қатар өзі және әріптестері жүргізіп отырған жұмыс мигранттардың жалпы жұқтырған адамдар санының азғантай ғана бөлігін құрайтынын айтып кетті. Сонымен қатар «еңбек мигранттары санының басқа қауіп топтарындағы адамдар са-

нынан көп болуы, олардың арасында ауру жұқтырғандардың көп болуы мүмкін деген болжам жасауға негіз береді...Бұл проблеманың тағы бір түйткілді тұсы күн өткен сайын шет елге жұмысқа шығатын әйелдердің санының артуымен байланысты болып отыр, олардың көпшілігі жезөкшелікпен айналысады, осылайша ЖҚТБ жұқтыру қаупін күшейтеді».

Атын атамауды жөн көрген өзбек сарапшысы жергіліті ҮЕҰ жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес 2009 жылы елде кем дегенде 7 500 адам ЖҚТБ ауруымен тіркелген, «олардың 25-30 пайызы еңбек мигранттары болып келді».

Тәжікстанда 2009 жылғы тіркелген оқиғалар 2008 жылғы 35 пайызға қарағанда 30 пайызға өскен. Алайда дәрігерлердің сөзіне қарағанда бұл өсім қойылатын диагноздың нақтырақ қойылуымен байланысты, бұл АҚТҚ, туберкулез және малярияға қарсы күрес бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық Қорының қаржыландыруымен жүзеге асты.

Тәжікстандағы миграция бойынша Халықаралық ұйымның ұлттық үйлестірушісі, дәрігер Катаён Фаромузова кейбір сарапшылардың пікірінше ауру жұқтырғандардың нақты санын білу үшін ресми көрсеткішті он есе артырып көру керек деп санайтынын айтып кетті. Алайда, дәрігердің жеке өзінің пікірінше ресми мәліметтер жүкті әйелдер секілді бағытты қосып сараптайтындықтан ресми көрсеткіш шындыққа жақын деп есептейді.

Тәжікстандағы АҚТҚ Республикалық орталығының өкілі Зухра Нурляминова бүгінгі күні өз еркімен келіп ЖТТБ-ға анализ тапсырып жатқан адамдардың санының артқаны және осы бағытта жұмыс істейтін ондағына клиникалардың елде пайда болғаны жайлы пікірмен келісетінін айтады.

«Бұған дейін елде экспресс-тестер болмайтын. Қажетті құралдар да жоқ еді. Халықтың бұл мәселе жайлы түсінігі де төмен еді. Ал енді олар теледидардан, көшедегі баннерлерден әлеуметтік жарнама көреді, сондықтан келетіндердің саны арты. Егер бұрын анонимді кабинетке ешкім келмеген десек те, ал енді келушілер саны артып келеді», – дейді Нурляминова.

ЖҚТБ-ның таралуындағы миграцияның маңыздылығы қандай?

Шет елдегі ЖҚТБ жұқтырған еңбек мигранттарының санын анықтау қиын міндет. Ресми түрде 2009 жылы Тәжікстанда мұндай оқиғалар 197 адам болған, бұл жалпы көрсеткіштің 11 пайызы. Қырғызстан еңбек мигранттары бойынша нақты санды ашып көрсетпейді, алайда билік бұл топтың қауіп-қатерге бейім екенін жасырмайды.

Ана мен баланы қорудың Ұлттық орталығының ауытқулар бөлімінің жетекшісі Сағынбу Абдувалиеваның сөзіне қарағанда еңбек мигранттары елдегі жалпы ЖҚТБ жұқтырғандардың 20 пайызын құрайды.

Өзбекстанда IWPR сұраған сарапшы тамыр арқылы есірткі қолданатын нашақорлар жұқтыру бойынша алғашқы орында тұрса, «мигранттар мен жезөкшелер екінші орынды өзара бөлісуде». Ол сонымен қатар Өзбекстаннан шығатын мигранттардың жалпы санына (негізінен кәсіби бағыты жоқ ер адамдардан тұрады) жезөкшелікпен айналысатын әйел адамдар да кіреді.

Мигранттар отбасынан ЖҚТБ жұқтырды деген күмәнді адамды анықтау ресми статистиканың жоқтығына байланысты қиындайды. «Топ статистикасы үшін «отбасылық» жұқтырған адамдарды анықтаудың қиындығы кедергі болуда, себебі олар қалыптасқан стереотипке байланысты аталған топтың қатарына кіре бермейді», – дейді сарапшы.

Эсенамановтың сөзіне қарағанда Тәжікстан мен Қырғызстанда «ресми статистика нақтылайтын фактілер жоқ. Алайда Қырғызстан мен Тәжікстандағы жұмысы ЖҚТБ-мен байланысты көптеген ұйымдар еңбек миграциясынан қайтқан ер адамдардың әйелдерінің арасында вирус жұқтырған санының артуына байланысты фактілердің бар екенін дәлелдейтін мәліметтер бар деп тұжырымдайды». Бұл еңбек миграциясының нәтижесінде жұқтыру санының артуын көрсетеді және ЖҚТБ жалпы халық арасына біртіндеп ену үстінде».

Тәжікстандағы АҚТҚ бойынша Республикалық орталықтың ЖҚТБ берілуі профилактикасы бойынша маманы Мохира Хамидова миграция мен жыныстық қатынас арқылы ауру жұқтыру көрсеткішінің өсуін өзара байланыстырады.

«Егер бұрын инъекциялық жолмен жұқтырғандардың үлесі 70 пайыздан асса, қазір бұл көрсеткіш 54 пайызға түсті, алайды жыныстық қатынас арқылы жұқтырғандардың саны артуда», – дейді Хамидова.

«Мен ЖҚТБ-инфекция жұқтырған жүкті әйелдермен жұмыс істеймін. Қазір республикалық орталықта қадағалауда жүрген әйелдердің 102-сі екіқабат. Ал олардың 70 пайызы еңбек мигранттарының әйелдері. Біз оларды емханаларда анализ тапсырып ауру жұқтырғаны анықталған жерінен тіркеп, артынан еңбек мигранты – күйеуінен жұқтырғанын нақтылаймыз», – дейді ол.

Нурляминова мигранттардың вирус таратудағы негізгі рөлге ие екеніне күмәнмен қарайды.

«Еңбек миграциясы негізгі қауіп тобы деп айту дұрыс емес. Себебі негізгі қауіп тобы – есірткі пайдаланатындар. Ал еңбек мигранттары бар болғаны 11 пайызға ие», – дейді Нурляминова.

Фаромузова Тәжікстанда еңбек мигранттары қауіп тобын тудыратынын айтады.

«Егер жас ер адамдап отбасынан бөлініп шығып, ұзақ уақытқа кетсе, оларға төнетін қатер күшейеді. Бұл бір жағынан олардың тап болатын әлеуметтік ортасына да байланысты. Екінші жағынан олар отбасынан жеке шығады, ал психологиялық және басқа да қажеттіліктер жоғалмайды. Ата-анасының қол астынан кеткен жастар өздерін еркін сезініп, қауіпке ұшырағанын сезінбейді», – дейді ол.

Эсенамановтың пікірінше мигранттардың қадағалауды қажет ететін топ екеніне негіз болатын себеп – олардың Қырғызстан мен Тәжікстан халқының бестен бір бөлігін құрауы болып отыр.

Еңбек миграциясына қатысы бар адамдар саны Қырғызстанда 400 мыңнан бір миллионға дейін, ал Тәжікстанда 600 мыңнан 1,5 миллионға дейін, Өзбекстанда бір миллионнан төрт миллионға дейін аралықты көрсетеді. Олардың көпшілігі Ресейге, одан қалса Қазақстанға жұмыс іздеп кетеді. Эсенаманов айтып кеткендей, «бұл коммерциялық секс, инъекциялық

нашақорлар, гомосексуалистер және басқа да қауіп тобына қарағанда әлдеқайда үлкен топ».

Мигранттар жұқтб туралы аз біледі

Ресей мен Қазақстандағы еңбек мигранттары әдетте кәсібилігі төмен жұмысты істейді және жұмыс берушілер мен жергілікті милиция тарапынан жиі қысым көреді.

Ресей мен Қазақстанның иммиграциялық билігі мигранттарды елге келіп, жұмыс істеуі үшін қойылатын шарттардың бірі ЖҚТБ-ға анализ тапсыру екенін көрсетсе де, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан жұмысшылары бұл процедурадан қашады және көлеңкелі экономика аясында жұмыс істейді.

АҚТҚ бойынша тәжік Орталығының өкілі Матлюба Рахманова оның клиникасының күн сайын заңды түрде жұмысқа кетіп бара жатқан мигранттарға анализ жүргізетінін және олардың тек 1 пайызы ғана ЖҚТБ-мен тіркелетінін айтады. «Мигранттардың бір бөлігінің осындай анықтамасыз кететінін ескеру керек, олар шет елде заңсыз түрде жұмыс істейді», – дейді ол.

«Еңбек мигранттарының қатерге жақын топ екенін түсіну қажет. Олар шет елден отбасын асырау үшін жұмыс іздеп кетеді, онда олар жалақысы аз және тұрақсыз жұмысқа тұрады, жергілікті билік пен тұрғындар тарапынан қысымға ұшырайды. Олардың көпшілігінің білімі төмен, ауылдық жерлерден шыққан. Жыныстық жолмен жұғатын аурулар және олардың алдын алу туралы бағдарламалар мен материалдар өте аз, біздің зерттеу ЖҚТБ мен басқа да жыныстық жолмен жұғатын аурулар туралы мигранттардың білім деңгейі төмен екенін көрсетті, бұл әрине қауіпті күшейтеді, сонымен қатар мүшеқапты қолданбау секілді жүріс-тұрыс та қатерлі», – дейді Эсенаманов.

Эсенамановтың сөзіне қарағанда ЖҚТБ-ны жезөкшелермен байланысқа түскенде жұқтыруға әбден болады. Ол Санкт-Петербургтегі «Гуманитарное действие» Қоры жүргізген зерртеуді еске салды, онда коммерциялық секс ұсынушылардың 50 пайызы қан тамыры арқылы есірткі қолданатын нашақорлар болса, осы топтың 95 пайызы ЖҚТБ вирусын жұқтырған болып шыққаны көрсетілген.

«Осыған байланысты коммерциялық секс қызметін пайдаланғанда ЖҚТБ жұқтыру қаупі өте жоғары. Мигранттар мүшеқап қолданбайды, себебі олар ЖҚТБ жұқтыру туралы тіпті ойланбайды да. Өздеріне ауру жұқтырғанын сезбеген олар елдеріне қайтқан соң әйелдеріне де ауру қылады», – дейді Эсенаманов.

Инъекциялық нашақор немесе ортақ ине пайдаланатын еңбек мигранттары да ЖҚТБ жұқтырып, оны әйелдеріне әкеліп таратулары мүмкін. Акбагышеваның сөзіне қарағанда Қырғызстанда ЖҚТБ-ның күйеуінен әйеліне жұғыу маңызды фактор

Интервью, данные бывшими и настоящими трудовыми мигрантами журналистам IWPR журналистерін бұрынғы және қазіргі еңбек мигранттары берген сұхбат аталған ауру, оның берілу жолдары мен профилактикасы жайлы жалпы көпшіліктің білім деңгейінің төмендігін көрсетті

«Біздің гастербайтерлер көмек сұрап тек аса қажетті жағдайларда ғана келеді, бұл мәселені жұмыс барысында алынған зақымға байланысты болсын делік. Білім бар мигранттар ЖҚТБ-ны жұқтырудан сақтанып жүреді, ал сауаты төмендері өздерін өздері қорғайды», – дейді Мәскеуден оралған Қырғызстанның

оңтүстігіндегі Жалал-Абад қаласында тұратын жас жігіт Юлдаш. Қырғызстан астанасы Бішкек қаласының тұрғыны, медик-студент Джасур кезінде Ресейде жұмыс істеген екен. Оның сөзіне қарағанда оның таныс мигранттарының білім төмен болған және олар ЖҚТБ туралы білмеген. Олардың кейбірі есірткі қолданса да, Джасурдың сөзіне қарағанда ауру жұқтыру бойынша алдыңғы орында жыныстық қатынас тұр.

Өзбекстандық құқыққорғаушы «еңбек мигранттарының басым көпшілігі АҚТҚ/ЖҚТБ-ның, оның берілу жолдарының, жұқтыру түрлерінің және профилактиканың е екенін түсіне бермейтіндігімен келіседі. Көп адамдар тіпті ЖҚТБ-ның жалпы не екенін де білмейді».

Ақпараттың жоқтығы; әйелдер айтудан ұялады

Дәстүрлі ауылдық қоғамда әйел Эсенамановтың сөзіне қарағанда «күйеуінен тексеруден өтуді немесе мүшеқап пайдалануды талап ете алмайды, олар жалпы ЖҚТБ-ның екенін білмейді. Күйеулерінен ауру жұқтырған әйелдер осы ауруға бейім балалар туады, себебі олар ЖҚТБ-ның анадан балаға да жұғатынын біле бермейді».

Нурламина ер адам-еңбек мигранттарының өздерінің ЖҚТБ-статусы жайлы біле бермейтіндіктері туралы пікірмен келіседі. «Олар өздеріне ауру екенін тек жүкті әйелі тексеруден өткенде ғана барып бірақ біледі», – дейді ол.

«Күйеуі өзінің ЖҚТБ жұқтырғаны жайлы білген соң, олармен сөйлесу оңайырақ болады, алайда «әйел аурудың жұққаны туралы алғаш білсе қиын, себебі ол өзін «басқа еркектен жұқтырдың» деп айыптайды ма деп қорқып, айлап айтпай жүре береді» дейді ол.

Мигранттар шығатын ауылдық жерде халықтың осы бағыттағы білім деңгейі төмен.

«Қалалықтар бұл мәселе бойынша әлдеқайда көп біледі. Олар АҚТҚ туралы естіген, оның берілу жолдарын біледі және сексуалды байланыс кезінде алдын-ал қажетті шараларды жасайды», – дейді Нурламина. Ол сонымен қатар «ауылдық жерлердегі адамдардың осы мәселе туралы не түк білмейтіні, не өте аз білетіні» жайында айтты.

«Еңбек мигранттарының тағы бір ерекшелігі ауыл адамдарының ешқашан дерлік мүшеқап қолданбауымен байланысты. Олармен сөйлескен кезде, кейбірінің тіпті мұның не екенін білмейтіндігі анықталды», – дейді ол.

Өткен жылдың желтоқсанына дейін Дат шіркеу көмегінің үйлестірушісі болған Пия Дюрхаген жергілікті ұйымдармен бірігіп ЖҚТБ/миграция бойынша екі жыл бұрын жоба бастағанды. Оның сөзіне қарағанда ЖҚТБ жұқтырған кез келген адам шеттетудің үлкен деңгейін ұшырайды. «Кершілер, ауылдастар және тіпті кейбір отбасы мүшелері ауру адаммен сөйлесуден бас тартып, кезіккен жерде сырт айналып өтеді. Баланың ауру жұқтырғаны белгілі болған кезде мектеп директоры оны мектепке жібермей қойған туралы оқиғалар да болған. Тәжікстанда [біздің ҮЕҰ-дар] әріптестер мигрант-күйеулерінен ЖҚТБ жұқтырған әйелдердің өздеріне-өздері қол жұмсағандығы жайлы мәліметтерді де анықтады».

«Мұның бәрі вирус жайлы ақпараттың жетіспеушілігінен туындап отыр», – дейді ол.

Мұндай ақпараттың жоқтығы білім бағдарламаларының кесірінен болып отыр, себеі олар осы уақытқа дейін қауіп тобын қысқартумен ғана айналысып келген.

«Аурудың берілуінің осы жолы жалпы халық арасында орын алуымаңызды мәселе. Ал есірткі қабылдайтындар мен коммерциялық секс қызметін ұсынушылар Орталық Азияда арнайы мамандандырылған ақпаратты жеті жылдың бойында алып келеді, ал халық ортасында жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулар туралы мәліметті ешкім таратып жатқан жоқ. Бұл ақпаратты белгілі бір құрылымға ие емес және қызығушылық тудырмайды, сонымен қатар донорлар да бұл мәселені бөліп алып қарастырмайды. Шектеудің қойылуы, секс пен мүшеқап қолдану туралы әңгіменің өрескел көрінуі осы мәселені қиындатып отыр, бұл әсіресе мектептер мен басқа да мемлекеттік мекемелерге қатысты», – дейді Эсенаманов.

Ол ЖҚТБ ауруымен өмір сүріп жатқан адамдардың «медициналық мекемелерде, билік өкілдерінің ортасында және діни басшылардың арасында, сонымен қатар жергілікті жұртшылықтың алдында шеттетуге ұшырайды» дейді.

«ЖҚТБ-ның таралуын шектеу үшін барлық тарапты келіссөзге шақыру қажет, сонда барлық мәселені топтап, өзара сыйластықта талқылауға болады», – дейді ол.

Ел үкіметтері шара қолдануды бастап кетті

Аймақтағы ел үкіметтері мигранттардың қауіп тобын тудыратынын және олардың арасында осы мәселе жайлы ақпарат таратудың қажеттілігін түсінгендігін білдіретін белгілер көрені бастады.

Хамидова Тәжікстанда еңбек мигрантарының әйелдер ауруханаларда ЖҚТБ-ға тексеруден өтетін әйелдердің бес тобының қатарына жатқызылғандығын атап өтіп кетті.

«Бұл тестсіз дәрігерлер оларды қараудан бас тартады», – дейді ол. Сонымен қатар ол өткен жылғы барлық медициналық мекемелерге ЖҚТБ-ны анықтайтын экспресс-тест үшін қажетті реактивтердің берілуі бес негізгі категорияға жатпайтын әйелдер арасынан ауру жұқтырғандарды анықтауға көмектесті дейді. Бұл бес топқа қан тамыры арқылы есірткі пайдаланатын нашақорлардың әйелдері, әйел-нашақорлар және коммерциялық секс қызметін ұсынатындар жатады.

Эсенамановтың сөзіне қарағанда «Қырғызстан мен Тәжікстанның билігі мигранттарды ЖҚТБ бойынша өздерінің мемлекеттік стратегиясында басымдыққа ие топтың қатарына жатқызды». Ол өзінің ұйымының Қырғызстан мен Тәжікстан билігінің тарапынан жауап алғанын және «ендігі негізгі мәселе ЖҚТБ-ның таралуына тосқауыл қоятын жолдарды тауып, осы бағытта шаралар өткізу үшін қажетті ресурстар табу» болып отыр дейді.

Өзбекстанда жақында қабылданған заң бойынша ЖҚТБ-ға тапсырылатын тест тегін әлі жасырын түрде өтуі тиіс. Алайда ерекше категорияға жататын мигранттарға өзгеше көңіл бөлу қажет болып отыр.

«Өзбек билігінің мигранттарды жезөкшелер және нашақорлардың қатарында қауіп тобына жатқызбауы, оларды ЖҚТБ-ның алдын-алу бойынша міндетті жұмысқа қоспауының және тіркемеуінің себептерінің бірі болып отыр», – дейді өзбекстандық сарапшы.

Өзбекстандық құқыққорғаушы үкіметтің ЖҚТБ-ның таралуына қарсы күрес жүргізіп жатқандығына қарамастан, осы мәселеге қатысты ақпарат пен статистикаға қатаң шектеулер қойып тастағандығын айтады. Адамдарға осы мәселені түсіндіруге тырысатын үндеу парақшаларын билік «порнографиялық» деп айыптады дейді ол.

Осыдан біраз уақыт бұрын IWPR хабарлаған ақпараттың бірінде психолог Максим Поповтың жеті жылға сотталғаны айтылғанды. Сот оның жас адамдарды жыныстық қатынас және ортақ ине арқылы жұғатын аурулар туралы білімін артыру мақсатында шыққан кітабын заңсыз, балаларды есірткі қолдануға шақырады деп айыптады. Попов «Изис» деп аталатын топты бастады, олар есірткі пайдаланатындар мен секс-қызметкерлермен АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын-алу мақсатында жұмыс жасайтын және есірткіге тәуелділер үшін ине ауыстыру бойынша бағдарлама өткізген-ді.

Эсенаманов IWPR-ға Орталық Азиядағы донорлық ұйымдар соңғы уақытқа дейін мигранттарды басымдық бағыттағы топтың қатарына жатқызбай келді дейді. Енді жағдай өзгерді, бірқатар халықаралық және жергілікті ҰЕҰ еңбек мигрантарының және олармен байланысқа түскендердің арасында ЖҚТБ-ның алдын-алу мақсатында жұмысты бастап кетті дейді.

«Өзірге, жобаның басталғанына бір жыл толғанда, бірқатар жағымды жаңалықтар бар және жоба жалғасады, сонымен қатар оның аясы кеңейеді деген үміт бар», – дейді ол.



Көптеген мигранттар Ресейге автобуспен ұзақ жол жүріп барады (Фото: Бексултан Садыркулов)

АҚТҚ, туберклез және малярияға қарсы күрес бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық Қоры жобасының үйлестірушісі Бонивур Ишемкулов бірқатар ҰЕҰ-дың мигранттарға басқа қауіп топтарымен қатар көңіл бөлетінін айтады.

ЖҚТБ-ның алдын-алу бойынша жоба өткен жылдың желтоқсанында Халықаралық даму ассоциациясы мен Халықаралық дамудың британдық департаменті қаржыландыратын, бюджеті 27 миллион долларды құрайтын ЖҚТБ-бастаманы қадағалау бойынша Орталық Азия жобасының құрамдас бөлігі ретінде іске қосылған болатын. Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында орналасқан үйлестірушілік орталық Қырғызстандағы, Қазақстандағы, Өзбекстандағы және Тәжікстанның өзіндегі жұмысты қадағалап отырады.

Ал ақпан айында Қырғызстандағы әйелдер Конгресі бастаған ЖҚТБ-ның алдын-алу бойынша жоба ақпаратты тікелей мигранттарға беруді қарастырады.

«Біздің тренерлер нарықтық жерлерге, әуежайларға және теміржол стансаларына барып парақшалар таратады, қабырға қағаздарын іледі, бұл мигранттардың оларды оқып, өздерін қалай қорғауды білуі үшін жасалынып отыр», – дейді Конгресс екілі.

Сұралған сарапшылардың көпшілігі ақпараттандыру деңгейін көтеруге бағытталған кампанияның қажеттілігі шет елге жұмыс іздеп шыққан өзбектердің, қырғыздардың және тәжіктердің қауіпті топ екендігін білдірмейтіндігін ерекше атап көрсетіп отырды.

Гуантанамо түрмесінің екі бұрынғы тұтқынының ісін қайта қарауға шақыру

Ислам бұзақыларының қатарында болды деген айып тағылған екі ер адам істі қайта қарауды және түрме мерзімінің қысқаруына лайық дейді заңгерлер.

Дабири Кабир, Далер Гуфонов, Парвина Хамидова – Орталық Азия

Заңгерлер 2007 жылы АҚШ-тан аударылған, Тәжікстанда ұзақ уақытқа бас бостандығынан айрылған Гуантанамо түрмесінің бұрынғы тұтқындары екі адамды бұдан әрі ұстауға ешқандай негіз жоқ дейді заңгерлер.

29 жастағы Мукит Вохидов пен Рукниддин Шарофов 2007 жылдың наурызында Тәжікстанға қайтып жіберілген соң, бірден тұтқынға алынып, сот процесіне жіберілді. Олар жалпы тұтқында бес жыл және төр айын өткізді, мерзім алдымен Ауғанстанда басталып, кейін Гуантанамоға аударылды. Олар Өзбекстанның имлам қозғалысының операцияларына қатысты (ӨИҚ) және шекараны заңсыз кесіп өтті деп айыпталып 17 жылға бас бостандығынан айрылған еді.

IWPR Тәжікстанның прокуратурасының істі қайта тарап, түрме мерзімін қысқартуы мүмкін екенін ескереді.



Душанбедегі Вохидов пен Шарофов ісі бойынша сот процесі («Озоди» радиосының фотосы)

Вохидов пен Шарофов 2001 жылдың қарашасында Ауғанстанның солтүстігіндегі Құндық қаласында Солтүстік Альянстың талибандықтарға қарсы күштерімен ұсталып, АҚШ-тың қарауына жіберілген болатын.

АҚШ билігі 2004 жылы екі тұтқынның куәгерлік жазбаларын жариялады, онда олардың ӨИҚ-на қатысы бар деп айыпталғаны көрсетілген. ӨИҚ АҚШ үкіметінің лаңкестік ұйымдарының тізіміне кіреді.

Дәрігер Фаромузова жұмыс күшінің бастамашыл тобы – мигранттар «қорқыныш, шеттету және абыройсыздық» көрініс болмауы керек деген пікір айтты.

«Олар өз отбасын асыраумен қатар, әлеуметтік қысымды төмендетумен қатар, өздерін осылайша дамытумен қатар осындай атаққа қалып жатқаны жарамас», – дейді ол.

Бұл пікірмен Акбагышева да келіседі. «Біз мигранттарды шеттете алмаймыз. Бірақ біз олармен жұмыс жасауымыз керек», – дейді ол.

Құжаттарда Вохидовтың Тәжікстанның батыс бөлігінен Ауғанстанға 2001 жылдың қаңтарында тікұшақ арқылы жеткізілгені, шамамен осы уақытта Шарофовтың да келгені айтылады.

Гуантанамо соты Вохидовтың ісін қайта қараған және Шарофов куә болған процесс кезінде жарияланған бұл куәгерлердің жазбалары олардың 200 жылы ӨИҚ қатарына кіргені, одан кейін Тәжікстанның солтүстігіне әкелінгенін көрсетеді. Бұдан кейін олардан құжаттарын тартып алып, Ауғанстанға жіберерден бұрын түрлі жұмыс істеткені мәлім болды.

Айыпталғандар сотта өздерін Тәжікстан әскерінің қатарына алды деп ойлағанын, Ауғанстанға келмей тұрып ешқана ӨИҚ туралы ештеңе естімегенін айтады.

ӨИҚ 1990 жылдардың басында өзбекстандық Наманған қаласында бірқатар исламистердің бастамасымен пайда болды, кейін олар Өзбекстан билігі қолданған шаралардан қашып Тәжікстанға өтті. Бұл уақытта Тәжікстанда азаматтық соғыс қызып тұрған еді. ӨИҚ оппозиция жағында күш көрсететін партизандық топқа айналды. 1997 жылы соғыс аяқталған соң ӨИҚ жеке дара күш болып шықты, олардың жоспарында ортаазиялық мемлекеттеріне, оның ішінде ең әуелі Өзбекстанға қарсы соғыс ашу ниеті болды. Осы мақсатпен ӨИҚ партизандары 1990-2000 жылдары Өзбекстан мен Қырғызстанға бірнеше редтер жүргізді.

Орталық Азиядан ығыстырылып шығарылған ӨИҚ-ның жолын қушылар Ауғанстанға өтіп Талибандардың қатарына қосылады. 2001 жылдың соңында американдық күштер бұл елге басып кірген кезде ӨИҚ әскері Құндық қаласында оларға үлкен қарсылық көрсетті. Біразы қаза тапты, енді біразы қолға түсті, алайда көпшілігі Пәкістанның солтүстік-батысындағы жаңа орынға қашты.

Гуантанамода барлығы Тәжікстаннан 12 тұтқын болды, олардың 11-і елдеріне қайтарылды. Қайтқандардың 3-еуінен (оның ішінде Вохидов пен Шарофов бар) басқасы босатылды. 12-інші тұтқын Умар Абдуллаев әлі күнге Гуантанамо түрмесінде отыр. Оның қорғаушысы Метью О'Хара Абдуллаев Вохидов пен Шарофовтың жағдайын көріп өзін Тәжікстанға жібермеуді сұрап отырғандығын айтады.

О'Хараның пікірінше, оның клиентіне үшінші бір мемлекеттен баспана беру қажет.

«Американдық Умарды Тәжікстанға жібермеуге шенеуніктердің құқықтық және моралді міндеттері бар. Оның ісінің жағдайына қарау керек», – дейді ол. Сонымен қатар ол тәжік билігінің Умарды қорғауы мүмкін емес және олар қорғамайды деген пікірде.

«Көзі ашық қоғам да, АҚШ-тың мемлекеттік департаменті де Тәжікстандағы түзету мекемелеріндегі адам құқығына байланысты жағдайды біледі және Тәжікстандағы жазалау жүйесі де айтарлықтай жақсы емес. Мұның бәрі біздің алаңдаушылығымызды тудыруы тиіс», – деді О'Хара.

Осы жылдың наурызында жариялаған 2009 жылғы адам құқықтары туралы баяндамасында АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті Тәжікстандағы адам құқығына байланысты жағдайдың жағымсыз күйде қалғанын көрсетіп, азаптаудың барлығын, ұсталғандармен ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің теріс қарым-қатынас ұстайтынын, әділ сот қарауына деген құқыққа жол берілмейтіндігін, түрмелердегі жағдайдың тым төмендігін және тұтқындарға Қызыл крест секілді халықаралық ұйымдармен байланысқа түсуге тыйым салынғандығын айтып кетті.

Жұмсартатын жағдайлар негізінде босату бойынша кампания

Вохидов пен Шарофовтың ата-аналары ұлдарының ісін қайта қарау жолында күресті олар түрмеге түскен мезеттен бастап жүргізуде. Өткен жылы олар ел президенті Эмомали Рахмонға хат жазды, ол хат газет беттерінде жарияланды.

Олар Гуантанамода келтірілген дәлелдер және Тәжікстанда жүргізілген сот процестері 1981 жылы дүниеге келген тұтқындардың түрлі операциялар мен лаңкестік іс-әрекеттерге қатысы барлығын көрсетпейді, сондықтан оларға берілген мерзім өте ұзақ, әділетсіз дейді.

Мукиттың әкесі Валихон Вохидовтың сөзіне қарағанда тәжік соты істі жұмсартатын жайттарды назарына алмаған.

«Бұл екеуі бес жылдан астам қиындық көрді. Олар жас әрі тәжірибесіз болды. Олар ешқандай соғысқа қатысқан жоқ және ешкімді өлтірген жоқ. Бұл әділетсіз», – деді ол IWPR-ға.

Гуантанамоның өзге тұтқыны, Тәжікстанға қайта жіберілген Иброхим Насридди-

нов 2007 жылы кісі өлтіргені және қару сақтағаны, тасымалдағаны үшін 23 жылға бас бостандығынан айрылды, ол өзін кінәлімін деп мойындады.

Заңгерлер қылмыс түрін және басқа да жағдайларды ескере отырып Вохидов и Шарофов өте қатал жаза алды деген пікірге келуде, сонымен қатар үкім шығарыларда олардың Гуантанамо түрмесінде өткізген уақыты есепке алынуы керек еді.

Душанбелік заңгер Абдукаюм Юсуфов халықаралық келісімдерге сәйкес тәжік соты үкімде көрсетілген мерзімнен тұтқындардың АҚШ-та өткізген мерзімін алып тастауы керек еді дейді.

Парламент депутаты және Жоғарғы сот төрағасының бұрынғы орынбасары Махмадали Ватанов бұл іске қатысты түсініктеме бере алмады. Алайда ол Тәжікстан заңына сәйкес айыпталушының тұтқында өткізген кез келген мерзімі ескерілуі керек екендігін мойындады.

Тәуелсіз сарапшы және өткен жылға дейін Тәжікстандағы адам құқығы бойынша ЕҚЫҰ қызметкері болған Пайём Фуруги бұл істі жіті қадағалап отырған және ол барлық қажетті үрдістер сақталмады деген пікірде.

«Жауап берушілер сот алдында қорғаушымен кездесіп істі ұсақ-түйегіне дейін қарауға уақыттары болмаған тәрізді. Менің ойымша сотта оларды темір тордың ар жағында ұстап отыруға дәлелдері жеткіліксіз, сондықтан олар еркіндікке ие болуы керек, себебі олар үкіметке де, қоғамға да қауіп тудырмайды», – деді ол IWPR-ға.

2007 жылдың наурызында Тәжікстанға оралған соң олар тұтқындалып, оларға қарсы қылмыстық іс қозғалып, осы жылдың тамызында сот оларға қарсы үкім шығарды.

Фуругидің пікірінше сот Вохидов пен Шарофов ӘИҚ-на ерікті мүше болды, жоқ па – осыны зерттеуі керек еді.

«Дәлелдер олардың адам саудасының құрбаны болғандығын көрсетеді», – дейді Фуруги олардың өздерін қандай ұйым жалдап жатқанын білген-білмегені жайлы айта кетіп.

«Олар өздерін тәжік әскерінің қатарына қабылданып жатырмыз деп ойлады дегенді тұжырымдайды және бұл шындық секілді. Олардың алданып қалуы әбден мүмкін, ал бәрі белгілі болған кезде кеш еді, олардың құжаттары

тартып алды және басқа жерге баруға мәжбүрледі, онда олар келген жерлерінің Ауғанстан екенін түсінді, алайда қайта орала алмады. Қысқаша айтқанда, оларды алдады, күштеп басқа елге алып келді және сол жерде ұстап тұрды», – дейді ол.

Вохидов пен Шарофовтың үстінен жүргізілген сот төрағасы болған Мусомир Ураков соттың жеткіліксіз дәлелдер негізінде жүргізілгенін жоққа шығарады.

«Алғашқы инстанция бойынша істің және қорғаушы жақтың барлық дәлелдері қарастырылды және сот процесінің төрағасы ретінде үкімнің әділ шығарылғанын айта аламын. Ал қарсы шағымның болуы қалыпты іс. Мен процеске қатысушылардың кейбірінің үкіммен келіспеуі олардың заңды білмеуімен байланысты деп ойлаймын», – дейді ол.

Ал Вохидов пен Шарофовтың Гуантанамо түрмесіне өткізілген уақытының неге ескерілмегеніне байланысты сұрағымызға Ураков сотта олардың АҚШ түрмесінде болғаны жайлы құжаттың болмағаны туралы айтады.

«Біз заңдық тұрғыдан айыпталушылардың қандай айыппен ол түрмеде отырып және қандай желеумен босатылғандығын анықтай алмадық. Ешқандай құжатқа да қол жеткізе алмадық. Сондықтан қолымызда бар құжаттардың негізінде үкім шығаруға тура келді», – дейді сот.



Гуантанамо («Свобода» радиосының фотосы)

Атын атамауды жөн көрген душанбелік заңгердің айтуынша Гуантанамодан шығарылған тұтқындардың құжаты қоса жіберілмеуі жиі кездесетін жайт.

«Егер айып болмаса, оларды негізінен үйлеріне қайтарады және ешқандай құжат бермейді», – деді заңгер.

IWPR тілшілері Тәжікстандағы АҚШ елшілігімен байланысқан еді, бірақ ол жердің қызметкерлері Гуантанамоның бұрынғы тұтқындары тұтқында болғанын растайтын құжатпен келді ме, жоқ әлде құжатсыз келді ме – ол жағын айта алған жоқ.

Алайда 2007 жылы Тәжікстанның әділет министрінің орынбасары болған Азизмат Имомов аталған азаматтардың елге оралған соң ұсталып, тергеліп, жауапқа тартылғандығы дұрыс болғандығын және мемлекеттің заңына сәйкес олардың кінәлі екендігін айтады.

“Шет елде кінәсіз деп танылса да, бұл азаматтар Тәжікстанда заңға қайшы іс-әрекеттер жасады және ол үшін олар жазаға тартылуы қажет», – деді ол.

Прокурорлар істің қайта қаралып қалу мүмкіндігін күтуде

Алайда аталған тұтқындардың ісі қайта қаралады деген үміт қазір бас көтеруде. 26 мамыр күні олардың ата-аналары

бас прокурор Шерхон Салимзодамен кездесті және одан ұлдарының істерін қайта қарауды, сонымен қатар олардың Гуантанамо түрмесінде өткізген уақытын ескере отырып жаза мерзімін қысқартуды сұрады.

Атын атамауды жөн көрген бас прокуратура қызметкері аталған кездесуден кейін прокуратураның Жоғарғы сотқа іс бойынша құжаттарды қайта қарау мүмкіндігімен жіберуді сұрап хат жібергендігін IWPR-ға айтып берді.

«Біз бұл істі бүге-шігесіне дейін зерттеуге ниет етіп отырмыз, қосымша толыққанды жауапты содан кейін беретін боламыз», – деді Бас прокуратура өкілі.

ҚАЗАҚСТАН



Қоғамдық қарсылық білдіру санының өсуі

Күн өткен сайын қоғамдық қарсылық арқылы өздерінің көңіл-толмаушылығын білдіріп жатқан топтардың саны артып келеді.

Андрей Гришин, адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан бюросының мүшесі.

Қоғамдық қарсылық білдірулерді оппозициялық топтар ғана емес, экономикалық дағдарыс салдарынан қиындық көрген адамдар да ұйымдастыруда дейді сарапшылар.

Сарапшылардың сөзіне қарағанда, түрлі қарсылық білдіруші топтардың талаптары күн өткен сайын саясилануда және елдегі оппозиция ұстанымына ұқсап келе жатыр. Мұндай қарсылықтар ел орталығы Астана мен қаржылық қала Алматымен ғана шектелмеуде.

Жақында болған үш демонстрация оған қатысушылар көтерген мәселелердің алуандығымен ерекшеленеді. 19 мамыр күні болған митингі басқа да дағдарыс салдарынан тоқырауға ұшыраған орындар секілді өз жұмысын тоқтатқан құрылыс компаниясының акционерлерімен (шамамен 50 адам) ұйымдастырылды. Акционерлер Астанадағы үкімет үйінің алдына жиналып, құрылысы аяқталмаған тұрғын үй пәтерлерін үлескерлерге бөлінгенімен келіспейтіндігін білдірді.

Демонстрацияны ерекше бағыттағы полиция қызметкерлерімен қуылып тынды.

Екі күн бойы елдің солтүстігіндегі Көкшетау қаласында болған демонстрация жергілікті нарықтың жабылауына байланысты ондаған базар саудагерлерінің тарапынан ұйымдастырылды. Бұл шара полицейлермен төбелеспен және 25 адамның тұтқындалуымен аяқталды.

Өткен жылдың сәуірінде Алматы төңірегіндегі басып алынған жерлердің негізінде пайда болған Шаңырақ ықшам ауданының 70-ке жуық жергілікті тұрғыны мен әкімшілік ғимаратына басып кіруде тоқтатпақ болған полицейлер арасында қақтығыс болды. Олар осы уақытта болып жатқан жиналысқа қатысып, жер туралы заңнаманы талқылауға қатыспақ болған, бұл мәселе

қарсылық білдірушілер үшін үлкен маңызға ие, себебі олар үйлерді салуын салған, бірақ ресми түрде меншіктеріне құжат алмаған, себебі билік басып алушылардың үй салуға құқығы жоқ дейді.

Күн өткен сайын ортақ мүдделері бар адамдар оппозициямен тізе қосып жұмыс істеуде. 1 мамыр күні Алматы қаласында болған «Хаық билігі» блогы ұйымдастырған қарсылық білдіруге үлескерлер, фермерлер және ипотекаға байланысты қиындық көрген азаматтар қатысты.



500-ден астам адам жеке меншікке байланысты митинг өткізді, алайда әдеттегідей митинг полициямен қақтығыспен аяқталды, орган қызметкерлері көшелерді бекітіп, адамдарға тарауға мүмкіндік берген жоқ.

Үш күн өткен соң «Темірбанк» кеңсесінің жанында полицейлер мен қарызгерлер арасында қақтығыс болды. Қарсылық танытушылар қарызы үшін баспаналарын тартып алып жатқандығына

наразылық білдіріп көшеге шыққан-ды. Шараға қатысушылар Қазақстанның банк жүйесін білдіретін әйнек банкілерді сындырды, ал полицейлер олардың жетекшілерін ұстаған кезде, басқа қатысушылар араласып, оны босатып алды.

Сарапшылардың сөзіне қарағанда сәуір айынан бастап полиция іс-әрекетін қатаңдата бастаған. Бұрын полиция демонстрация барысына араласпайтын дейді олар.

IWPR қарсылық білдірушілердің белсенді әрекетке көшуіне не себеп болғандығыны білу үшін белсенді Айнұр Құрмановтан сұхбат алды. Ол «Қазақстанның социалистік қарсылық білдіруі» бастамашыл тобының жетекшісі, сонымен қатар «Талмас» және «Қазақстан-2012» қозғалыстарының мүшесі. Сәуір айында ол рұқсат етілмеген шара ұйымдастырды деген айыппен 15 тәулікке жабылған болатын.

«Әлеуметтік дағдарыс қоғамның түрлі топтарын күн өткен сайын қамтуда. Біз қазір дағдарыстың үшінші толқынындамыз, егер 2007-2008 жылдары дағдарыс қаржылық саланы қамтыған болса, қазір ол экономиканың басқа да салаларын өтіп, өнім шығаруды қысқартып, жұмыссыздықты көбейтті... Өткен жылдың соңы және осы жылдың басы жеке кәсіпкерлер мен ұсақ өндіріс орындарының қысқару толқынына алып келді», – деді ол.

Өздері алдандық деп санайтын үлескерлер акциясы ірі өндірістік ұйымдар қысылтаяқ кезеңде тұрған кезде ұйымдастырылды дейді Құрманов. Ол елдің батысындағы Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында наурыз айының басында бірнеше мың мұнайшылармен ұйымдастырылған ұшапталық көтеріліс туралы айтты, онда мұнайшылар еңбектерін бағалауды және жаңа басшылық тағайындауды сұраған болатын.

Көтеріліс екі жаққа келісімге келген соң тарқады, алайда бұған қарамастан 21 адам заңсыз көтеріліс ұйымдастырды деген айыппен жауапқа тартылды.

Қазақстан Президентіне елбасы статусы берілді

Бұл қадамның мақсаты – Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз құзырынан бас тартқан жағдайда билікті беру үшін жағдай жасау болған секілді.

Ярослава Науменко және Антон Фрид – Қазақстандағы штаттан тыс журналистер. Евгения Плахина «Голос республики» газетінің журналистері. (Н. Назарбаевтың фотосы)

Қазақстан билігінде соңғы жиырма жыл бойы билік басында отырып келген Нұрсұлтан Назарбаевқа елбасы атағы берілді, ол мемлекет басшысына отырған орнын тастауға бел бұған кезде айтарлықтай саяси ықпалын сақтап қалуға және заңдық тұрғыдан қолсұғылмаушылыққа ие болуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық сарапшылардың пікірінше 13 мамыр күні қабылданған бұл конституциялық өзгеріс Назарбаев еңбегін бағалау сипатын ие. Сонымен қатар, ол президенттің 2012 жылы өз кандидатурасын ұсынбайтынығын, сондықтан билік басынан кетуге шешім қабылдаған жағдайды қажетті мықты кепілдіктерді қалайтынын білдіреді.

Назарбаев 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алған кезде президент болып сайланған және ауыспаған мемлекет басшысы болып отыр. Бұған дейін ол елдегі Коммунистік партияның бірінші хатшысы қызметін атқарды.

Аталған өзгеріс қабылданған күні қазақстандық парламенттің жоғарғы палатасы – Сенаттың алдында сөз сөйлеген осы істің бастамашыларының бірі әрі Назарбаевтың «Нұр Отан»

Құрмановтың сөзіне қарағанда «бізде кез келген әлеуметтік-экономикалық бағыттағы үн қату бірден саяси сипатқа ие болып кетеді. Себебі мемлекеттік аппарат ірі жеке компанияларды қолдайды, ірі бизнес пен билік арасы өзара тым жақындап кетті, сондықтан биліктің өз мүддесін қорғайтыны түсінікті».

«Сондықтан адамдардың өз құқығын халықтық акциялар өткізіп қорғаудан басқа мүмкіндіктері жоқ», – дейді ол.

Саясаттанушы Эдуард Полетаев көршілес Қырғызстанда 6-7 сәуір күндері болған қоғамдық тәртіпсіздіктер мен осы оқиға салдарынан президент Құрманбек Бакиевтің орнынан алынуы Қазақстан билігін қарсылық көрсету акцияларына қауіппен қарауға мәжбүр етті деп санайды.

«Билік өз кезегінде сақтана бастады, ол мұндай шараларға сенімсіздікпен қарайды», – дейді ол.

Қағаз жүзінде Қазақстан жиналыстар туралы заңға ие, бірақ іс жүзінде демонстрациялар қуылып тынады.

Алматыда демонстрация өткізгісі келген адам қалалық биліктен рұқсат алуы қажет.

Қалалық әкімшілік өкілі Олег Сидоров қала билігі нұсқауына сәйкес мұндай қоғамдық шаралар осы мақсатта арнайы бөлінген орын – «Сарыарқа» кинотеатрының артында өткізілетіндігін айтты. «Егер басқа орынға өткізу туралы өтініш келіп түссе, оған бірден бас тартылады», – дейді ол.

Сонымен қатар Сидоров қоғамдық қарсылық білдіру шарасын өткізуге рұқсат беруден бас тарту туралы нұсқау берілмегендігін және жыл басынан бері демонстрация өткізуге өтініш білдірген бес арыздың біреуіне ғана рұқсат берілмегендігін айтады.

партиясының мүшесі Розақұл Халмұрадов мәңгілік атақ беру президенттің еңбегін бағалау болып табылады деп мәлімдеді.

«Біз өркениетті елдерден елбасын сыйлауды және құрметтеуді үйренуіміз керек. Ең дамыған деген Еуропаның өзінде корольдарын ел басы ретінде жоғары көтеріп сыйлайды», – деді Халмұрадов.

Оппозициялық журналист Сергей Дуванов бұл пікірмен келіспейді: «Елде монархиялық билік жүргізу енгізілу жоспарлануда».

Елбасы ретінде Назарбаев ішкі және сыртқы саясатта соңғы сөзді айтып, нүкте қоя алады, сонымен қатар отырған лауазымын босатқан күннің өзінде қауіпсіздікке ие болады. Бұл қатарға сонымен қатар тұтқындық мен сот қудалануынан босатылу және оның жақын туыстары мен мал-мүлкіне қолсұғылмаушылық жатады.

Осы өзгеріспен қатар басқа да заңдрға жаңа конституцияға лайықтау үшін түзетулер енгізді, Назарбаев суретін қорлау

және оның өмірбаянын бұрмалау секілді жаңа қылмыс түрлері пайда болды.

Аталған заңдар жиынтығы Назарбаевтың өзіне қол қоюға жіберілді.

Орнын босатқан жағдайдағы Назарбаевтың құзырын осылайша ұзарту туралы идея жақында пайда болды. IWPR сұраған сарапшылар мұндай өзгерістерді қабылдау үшін таңдалған уақыт пен Назарбаев және оның отбасына қолсұғылмаушылық қызығушылық туғызады дегенді айтты.

Олар сонымен қатар аталған өзгерістердің көршілес Қырғызстанда болған, нәтижесінде жаппай тәртіпсіздіктер салдарынан ел президенті Құрманбек Бакиев қолсұғылмаушылықтан айрылған және тағынан тайған бүкілхалықтық көтерілістен соң пайда болғанын атап көрсетеді.

4 мамыр күні аталған заң жобасының Қазақстан парламентіне ұсынылуына бір күн қалған кезде, қырғыз уақытша үкіметі Бакиевтің президенттік қолсұғылмаушылық дәрежесінен айрылғандығы жөніндегі декретті жариялап, оны елге қайтаруды прокуратураға тапсырды. Бүгінгі күні Белоруссия аумағында орын тепкен Бакиев қауіпсіздік күштеріне 7 сәуір күні шеруге шыққан адамдарға оқ атуға рұқсат берді деп айыпталуда. Оның үш бауыры мен ұлы Максим Бакиев те іздеуде.

Президенттің саяси мәселелер бойынша кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаев аталған статустың мемлекет басшысына берілуінің Қырғызстанда жақында болған оқиғалармен еш қатысы жоқ деп сендіреді.

Осылайша заң билік ауысуының шамаланған жоспарына меңзейді, алайда Назарбаевтың өзі бұл туралы өз ниетін жариялаған жоқ.

Интерфакс-Қазақстан жаңалықтар агенттігіне берген сұхбатында Ертісбаев Назарбаевтың биліктен кетуі әбден мүмкін екенін меңзеді.

«Теориялық тұрғыда бұл қадам осы жылы-ақ жасалуы мүмкін, алайда жеке мен өз басым мұны қаламас едім. Қазақстан халқы Назарбаевқа 2005 жылы [президенттік сайлау кезінде] оған деген өзінің үлкен сенімін көрсетті емес пе. Президент 2012 жылдың желтоқсанына дейін жұмыс істеуі қажет», – дейді Ертісбаев.

Қазақстанның болашақ президенттері билікте екі мерзімнен артық отыра алмаса да, 2007 жылы Қазақстан конституциясына Назарбаевқа өз кандидатурасын шексіз ұсына алатын мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілген болатын. Осылайша, егер президентте 2012 жылы кандидатурасын ұсынуға еш кедергі болмаса өзін ұсына алады және оңай түрде жеңіске жетуі мүмкін.

Оппозициялық «Ақ Жол» партиясының президенті Әлихан Бәйменов билік қандай да бір кедергілердің алдын-алу үшін мүмкін болған жоспарлардың бәрін құруда дейді.

«Бұл президенттің жоспарлы және жоспардан тыс жағдайлар туралы ойлана бастағанын көрсетеді», – дейді ол.

Саяси шешімдер институтының ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Максим Казначеев мұндай ойға президенттің өзі емес, Назарбаевтың билікте қалғанын қалайтын айналасындағы топ келіп отыр билік тобы жақырада үйлескен түрдегі биліктің ауысуы болуы мүмкін деген пікірге тоқтайды.

«Бұл биліктің мұрагерге біртіндеп берілуін президент айналасындағы топтың түсінуі. Президенттің орнын тастамайтыны бәріне де түсінікті», – дейді Казначеев.

Ол елбасы концепциясын Сингапур тәжірибесімен салыстырып көрсетті. Онда 1990 жылы Ли Куан Юдың премьер-министр орнын босатқан соң аға министр, кейін министр-ұстаз болып тағайындалғаны көрсетілген.

Казначеевтің сөзіне қарағанда Қазақстанның саяси басшылығы Қырғызстанда болған Бакиев пен оның алдындағы Асқар Ақаевтың елден қуылуы, тақтан таюы, ал олардың серіктерінің қуғынға ұшырауы секілді жағдайдың қайталануынан қашады.

Назарбаев билігін сақтауға арналған қадамдар Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етерінің алдында берген үделі реформаларына қарсы келіп отыр.

Казначеевтің пікірінше үкімет қиындықтарға тап болуы мүмкін, себебі ол осы жылдың күзінде болатын ЕҚЫҰ-ның жыл сайынғы жиналысына дейін аталған құжаты қабылдауы керек. Сонымен қатар Назарбаевтың мұрагері болуға Тимур Құлыбаевтың мүмкіндігі үлкен болса да, отбасы елді басқарып кетті деген айып болмас үшін, президент орнын отбасына ешқандай қатысы жоқ адам алуы мүмкін.

Ал Қазақстан қоғамының бұл идеяны қалай қарсы аларына келетін болсақ, онда бұл идея біраз уақыт бұрын елдің райын білу үшін жария етілген болатын деп мәлімдеді Казначеев.

«Жаппай сынау болған жоқ, алайда бұл қадам қоғамның әзілмен қарайтынын көрсетті», – дейді ол. Волна критики была, но пробный шар показал, что общество относится

Алайда ең жақсы деп ойластырылған жоспарлардың өзі кейді бұзылып жатады. Сұралған сарапшылардың көпшілігі Қырғызстанда болған, Бакиевтің тағынан айрылған қолсұғылмаушылық құқығынан да айрылуы қандай заң болмасын егер жаңа режим оны кетіру керек деп тапса көмектеспейтінін айтты.



Казначеевтің пікірінше президент пен оның отбасына қолсұғылмаушылық тек президент билік басында отырған жағдайда ғана жүзеге асады.

«Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботарев: «Егер билік президент туыстары қалағандай

ауыспаса, оларды ешқандай заң құтқарып қала алмайды. Қырғызстандағы оқиғалар көрсеткендей кез келген заңлы парламентпен келіспей-ақ алып тастауға болады», – деп ескертеді.



ҚЫРҒЫЗСТАН:

Қырғызстан: Бұрынғы шахтерлердің өтемақы алуға деген үміті күн өткен сайын азаюда

Он жылдан астам уақыт бұрын өндірістік зақым алған шахтерлар өздеріне тиесілі өтемақыны алу жолында о дүниеге аттануда

Мира Туураева – Баткент облысындағы журналистің лақап аты.



Қырғызстанның оңтүстік-батысындағы басты көмір шахтасының жабылғанына он жыл өтті, кезінде осында жұмыс істеп, мүгедек кейпіне түскен немесе денсаулығына зиян келтіргендер өздерін ұмыт қалғандай сезінеді. Өздеріне тиесілі өтемақы үшін ұзақ жылғы күрестен кейін олардың жартысы ғана жер басып жүр.

Баткент облысынағы Ленин Комсомолы атындағы шахта 1995 жылы Бүкіләлемдік Банк қаржыландыратын PESAK бағдарламасының аясында жабылған болатын. Бұл бағдарлама жұмыс қабілеті бар мемлекеттік мекемелерді қайта құрып, жекешелендіруге және болашағы жоқ мекемелерді жабуға қатысты құрылған еі. Бұл процеске сол кездегі премьер-министр Апас Джумагулов жетекшілік жасады, өндіріс орындарын жабудағы рөлі үшін оны ел «басты жоюшы» деп атап кетті.

700 метр тереңдіктегі шахтамен бұл көрсеткіш бойынша ешқандай өзге шахта теңесе алмайтын. Кеңес одағы кезінде көршілес жатқан Қызыл-Қия қаласын «Орталық Азияның отын үйі» атап кетті,

бұл өндіріс көлемінің ауқымдылығымен байланысты еді.

Алайда жұмысшылардың өздері оны «екінші фронт» деп атайтын, себебі өндірістік аурулар мен зақымдар жиі кездесетін.

Шахта жабылған кезде шахта басқармасы мемлекеттен капитализация сомасын алулары қажет еді, ол сол кездегі өндіріс орнының активтеріне тең көрсеткішті құрайтын. Бұл шахтаның өз міндеттері бойынша төлемдер жүргізу үшін қажетті болды, оның ішінде Өлеуметтік қор да бар.

Кейін анықталғандай зейнетақы, жәрдемақы және өтемақы төлеу үшін бөлінген сома жеткіліксіз болған. Қызыл-Қия қаласының Өлеуметтік қорының жетекші маманы Турдукан Солтонованың айтуынша, өндіріс орнының тоқырауға ұшырағаны туралы заңға сәйкес аталған төлемақылар бірінші кезекте жүргізілуі керекті.

Солтонова компанияның 21 миллион сомға бағаланғанын (130 мыңнан астам АҚШ доллары), алайда құжат бойынша шахта басқармасына тек 4 миллион ғана сом түскенін айтады. Бұл сома оның ведомствосының қол астына берілмеген, оның орнына кепілдік жарналарының орнын жабуға кеткен.

Шахта басқармасы жетекшілігі өтемақы талап еткен шахтерларға өтемақының PESAK бағдарламасының қаражатынан төленуі керек екенін айтқан.

1996 жылы өтемақының бір бөлігі денсаулық жағдайына байланысты зейнетақыға шыққан шахтерларға төленген. Алайда бұл өтемақы тек шахтадағы соңғы жұмыс жылына төленген еді және минималды зейнетақы көлеміне негізделген. Ал заң бойынша ол орта жалақының көлемінде есептелуі тиіс еді.

Шахтерлардың өз құқықтарын қорғау үшін бастамашыл топ құрып біріккеннен 11 жыл өткен соң, Өлеуметтік қордың муниципалды бөлімін сотқа беріп, 2006 жылы сотта жеңілгеннен кейін, Қырғызстан үкіметі өтемақыларды төлеуді өз мойнына алады. Өтемақы зейнетақы көлемінде есептелсе де, өткен кезеңде болған инфляция ескеріледі.



«Регресс» қоғамдық қорын басқаратын 80 жасқа келген Мамат Тешебаевтың ұйымына кәсіби жарақат алған шахтерлар кіреді, оларды «регрестіктер» деп



атайды. Сотқа шағым түсірген де осы ұйым болатын. Тешебаев өтемақы көлемінің зейнетақыға байланыс қалғанына көңілі толмайды.

Ал 1995 жылдан 2010 жылға дейінгі аралықта өтемақының жалпы көлемінің тек жартысы ғана төленген болатын.

«Біздің өтемақымыз еденжушылардың ақшасынан да аз, олардың жалақысы екі мың сомның айналасын құраса (шамамен 45 АҚШ доллары), біздің өтемақымыз ем-домға арналған қаражатты есептегенде 800 сомды құрайды. Ортамызда апта сайын ауруханада ем алатын, төсек тартып жатқан адамдар бар», – дейді Тешебаев.

«Регресс» қорының мүшесі Бакыт Джороев «регрестік» біраз егде адамдардың өздеріне тиесілі ақшаны қолдарына алатын күнге жетер-жетпесіне күмәнмен қарайды.

«Біздің тізім екі есеге қысқарды. Кейбік қызметтер тарапынан қысымды сезінудеміз. Мемлекет алдымен заң шығарады, кейін оны өздері бұзады», – дейді Джороев. Тешебаев өз кезегінде «ресгрестіктерден» қалада 100 адамның қалғанын айтады.

45 жастағы Джороев қордың ең жас мүшесі. 120 килограмдық ауыр құралы басына түскен кезде дәрігерлер Бақыт тірі қалмайды деп айтқан еді. Жазылып шыққан соң ол аурухананың мұрағатына құжаттарын алуға баруға мәжбүр болды, себебі ресми түрде «қаза тапты» деп тіркелген болатын.

Шахтерлар осы мәселенің шешімін таппай отырғандығына, басқа өтемақылардың төленуінің тоқтап тұрғанына көңілдері толмайды.

Қаңтар айында қырғыз үкіметі электр энергиясына, қоғамдық көлікте жүруге арналған жеңілдік тарифтерін алып тастады, бұл шахтер-мүгедек секілді жағдайы төмен жандарға қатты тиді. Бір кездері Баткент облысының жергілікті әкімшілігі шахтерларға көмір сатып алу үшін қаражат бөліп тұратын, ал қазір бұол да жоқ. Өткен жылы олар әдетте Мүгедек күніне немесе Егде адамдар күніне берілетін азық-түлігі бар сөмке де алған жоқ.

Бұған қоса олар жоғарыда аталған күндері жыл сайын алатын ресми құттықтауға ие бола алмады.

«Біздің әкімшілікке де, басқаларға да, ешкімге керек болмай қалғанымыз жан ауыртады. Бізді барлығы ұмытқан», – дейді бұрынғы шахтер.

(Аталған мақала Қырғызстанның қазіргі үкіметі билік басына келмей тұрып алынған сұхбаттың негізінде дайындалды)

Оштағы ойран

IWPR редакторы Қырғызстанның оңтүстігіндегі қалада төрт күн бйовы болған тәртіпсіздіктер мен толқулар жайлы әңгімелейді

Инга Сикорская, IWPR редакторы

Біз бейсенбіден жұмаға қараған түні [10-11 маусым] сағат 1.30-дар шама-сында Оштың орталық ауданында болып жатқан қатты атыстан ояндық. Біз «Алай» және «Кристалл» қонақүйлеріне жақын маңда болдық, ал барлығы осында басталған еді. Айқай, атыс, өрт сөндіргіш мәшінелердің шуы естіліп тұрды. н.

Біз қалаға келген кезде, көшедегі, базардағы қарапайым адамдар біздің неге осындай кезде келгенімізді, себебі міне-міне бір сойқанның басталғалы тұрғанын айтты.

Сол кезде біз көптеген адамдардың бізді не жайында ескерткенін түсіндік.

Болып жатқан оқиғаларды ауқымы мен қару үніне қарап сәуір айында Бішкекте болған оқиғаларға [қарусыз адамдардың жаппай толқулары нәтижесінде билік ауысуы болған еді] мұның

еш ұқсамайтынын түсінуге болар еді. Мұнда басқаша өрбіді, сұмдық атыс пен жанды жейтін айғай жер-көкті жаулап алды.

Атыс таңға дейін созылды. Біз ұйықтай алмадық, сондықтан телефон шалып, ақпарат жинай бастадық. Атыс тоқтаған жоқ, қайта барынша үдей түсті.





Біздің үй екі көшенің қиылысында орналасқан еді, сондықтан бәрін қадағалап отыруға жақсы бақылау пункті болды. Келесі күні бетперде киген, таяғы, қарулары бар адамдар пайда болды. Олар бет-ауыздарын орамалдармен тек көздері ғана көрінетіндей етіп жауып алған, кейбірінің басында әскерше таққан орамалдары бар. Тек көздері мен қара бетперделері ғана көрініп тұрды.

Басында тек атыс болды, тонау тек кейін басталды.

Жұма күні түске таман [11 маусым] қала өртеніп жатты. Күл, қүйе, қолқаны қабар түтін біздің балконды басып қалды.

Мұның жақын арада қоя қоймасы белгілі болды.

Сенбі күні кешке әскери операциялар басталып, ауыр артиллерия қолданылды. Пәтердің керегесі солқылдап тұрды. Сүлеймен-Тоо тауы отқа оранды.

Бұл оқиғалар алдын-ала ойластырылған ба еді?

Кейінірек біз қаланың ішімен өткенде, қала Екінші жұниежүзілік соғыс кезіндегі бомбалаудан кейінгі кейіпті еске түсірді, барлық жерде күл мен қираған дүние болды. Мұндай іс-әрекеттердің аяқастынан басталып, үш күн ішінде қаланы осындай кепікке жеткізуі мүмкін емес, бұл алдын-ала жоспарланған қадамдар еді.

Адамдар бір нәрсеге дайындала бастады, бұл көрініп тұрды. Осы оқиғаларға дейін бір күн қалғанда біз Жалал-Абадқа барған едік, жол бойы біз жүргізушімен және басқа да адамдармен сөйлесіп көрдік. Жалыпқа бірдей қатер анық сезіліп тұрды, бұл ұлтаралық қақтығысты күту еді.

Біздің жүргізушілеріміздің бірі қырғыз, ал тағы бір өзбек болды, олардың екеуі де осы жайлы айтып отырды. Біз бейсенбі күні Жалалабадтан қайтып келе жатқанда Ош қаласының орт алығындағы мешіт төңірегінде қырғыз бен өзбек жастарының арасында үлкен үлкен төбелес болды. Бұл төбелес өзбек-таксист пен оның қырғыз-клиентінің арасындағы жанжалға ұласты.

Бұдан біраз бұрын менің көршім базарға барған-ды, ол жерде оған азық-түлікті алып алуды, себебі өне-міне дегенше қырғыздар мен өзбектердің арасында соғыс өрті тұтанып кетуі мүмкін екенін айтқан.

Яғни мұндайдың болатының бәрі білген, бәрі күткен, бірақ ешкім алдын-алу үшін ештеңе істемеген.

Іс-әрекеттер нақты жоспарланған тәртіп бойынша жүрді. Қаланың бірде ана ауданында, бірде мына ауданында ұйымдасқан ак-

циялар жүріп жатты. Олар қайда баратындықтарын білді. Орталық көшені кесіп өтетін Араван көшесінің бойымен жоғары бағытта өбек махаллары орналасқан жаққа қарулы адамдарды тиеген машиналар ағылып жатты. Қару асынған жұртты артқан көліктер осы бағытта барып, кейін қайта қайтып жатты.

Бұдан кейін тағы бір көлік келді, онда қарулы адамдарға көшеде суы бар бөтелкелер мен таба нандар таратты. Жол бойындағы қолдан жасалынған өткізу пункттеріне бір пакеттерді әкеліп отырды, онда мүмкін қару, мүмкін тек тамақ болуы мүмкін еді.

Барлығының жақсы ұйымдасқаны көрініп тұрды.

Тамақтың жетіспеушілігі мен электр энергиясының ажырауы

Біздің жанымыздағы өрт сөндірушілер суды жауып тастағанын айтып шағымданып тұрды. Келесі күні орталық ауданда электр энергиясын да, газды да өшіріп тастады. Тәртіпсіздік басталған орталық басқа дүниеден бөлініп қалды.

Трансформаторлар жанып жатты, адамдар жарылыс болуы мүмкін деген себеппен электр энергиясын өшіріп тастағанын айтып жатты.

Халық электрсіз, газсыз, тамақсыз қалды. Ішетін суды улап тастады деген алыпқашпа сөз пайда болды. Минералды су болмағандықтан ел аулада қазан орнатып, су қайнатып ішіп жатты.

Біздің үйдің айналасындағы адамдар үшін ең қорқыныштысы жаппай үрейдің пайда болуы еді. Артық тамағы жоқ адамдар, мысалы зейнеткерлер аштан өлетінін түсінді. Елдің басым бөлігі ескерту алған-ды, алайда оқиғаның қамтыған аумағы өте үлкен еді.

Азық-түлік болған жоқ, себебі барлық үлкен дүкендер тонауға ұшырады. Біз өзге қаладан келгендіктен не істерімізді білмедік. Мүмкін жергілікті тұрғындар дайындалып үлгерген шығар.

Көшеге шығу мүмкін болған жоқ, шыққан күннің өзінде дүкендер жабық болған еді. Елде ешқандай тамақ болған жоқ, ал бірақ тонаушылар жолдың шетінде шұжық жеп отырды.



Адамдар қолда барын жеп жатты. Біздің тамақ үшінші күні таусылды. Тек Ош қаласындағы Интерньюс өкілдігінің арқасында ғана аз көлемдегі гуманитарлық көмек алдық, онда біраз тамақ болды.

Этникалық жанжалдар

Егер қаланы этникалық тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, қала орталығының негізінен қырғыздардан тұратынын айтуға болады. Мұны этникааралық жанжал десе де, мен негізінен



қырғыздарды көрдім. Кездестірген азғантай өзбектер аулаларды сөмекемен тығылуаы немесе қашып шығуға тырысып жатты. Жанжалдың ұлтаралық негізде болғанын, қақтығысқа қатысқан жастардың қала маңындағы ауылдық жерлерден келгенін айтты. Алайда олардың артында әрине белгілі бір күштер тұрды.

Көрші тұрып жатқан қарапайым адамдар мұндайдан аулақ еді. Қырғыз ауданында өзбектерді қырғыздар да, орыстар да жасырып, тығып жатты.

Өзбек махаллаларында өзге ұлт өкілдері өте аз тұрады. Негізінен этникалық өзбектер тұратын Черемушка ауданында барлық үйлер өртеніп кетті.

Қолдарын қару алған адамдарды біреу жалдаған тәрізді. Оларда белгілі бір мақсат болды деп айту қиын, алайда олар өзге

ұлтқа қарсы соғыс ашқандарын жақсы білсе керек. Болғаны осы. Мен қару асынған адамдардың үлкен топтарын көрдім. Бізге Оштан шығу керек болған кезде, қаланың ішінде қарулы жалдаған күзетшілермеен жүруге мәжбүр болдық. Күзетсіз жүру мүмкін емес еді. Көшедегі адамдардың қолында Калашников автоматтары, шолақ мылтықтар болды. Бізге қару керек пе деп сұрап, сатып алуды сұрады.

Бтр-мен қашу

Мен тәртіпсіздіктер Бішкектегідей болады, яғни екі күннен кейін басылады деп ойлаппын. Алайда бұлай бомлай шықты.

Журналист екенімнің арқасында менде жоғары лауазымды шенеуніктердің байланыс контактілері болған еді, маған мелекеттің алғашқы тұрған тұлғаларына телефон шалуға тура келді. Маған Ош қаласының ІІБ бастығы Омурбек Суваналиев көмектесті, ол журналистерді қақтығыс ауданына алып кетуге үлкен күш салды. Полицей қызметкері маған қарулы күзеті бар көлік жіберетінін, ол бізді алдымен ІІБ ауданына жеткізетінін айтты. Бұдан кейін брондытехникамен бізді әуежайға әкелді. Әуежайға жол өзбек ауылдары арқылы өтетін, жай көлікпен өту мүмкін емес еді, себебі атыс тұрақты түрде болып отырды.

Брондытранспортер бізді әуежайға әкеліп тастады. Бізге мұнда ұшақты 10 сағаттың шамасында күтуге тура келді, себебі бұған дейін халық Ош қаласына гуманитарлық көмек алып келген ұшақтармен кетуге болады деп жарияланған-ды. Сондықтан жүре алатындарды бәрі әуежайға жаяу, алқаптармен және басқа ла жолдармен жетіп жатты.

Қырғызстандағы топты жеңген бағаланбаған қаһармандар

Қырғыздар мен өзбектер арасына сенімділік орнату үшін қарапайым халықтан шыққан «бейбітшіл топтардың» араласқаны қажет болды.

Инга Сикорская, IWPR редакторы

Өткен аптада болған қырғыздар мен өзбектер арасындағы қанды соғыс кезінде сыртқы күштердің араласуы Қырғызстанның оңтүстігінде бейбітшілік орнатуға көмектеседі деген пікір кеңінен тарады. Зардап шеккен көптеген тұрғындар отбасы мүшелерінен айрылды, олар егер аймаққа бейбіт мақсаттағы күштер енгізілсе зорлық-зомбылыққа тыйым салынар деп үміттенді.

12 маусым күні өтпелі кезең президенті Роза Отунбаева Мәскеуге әскер енгізу туралы өтініш жасады, алайда Ресей одан бас тартты. Бейбіт мақсаттағы күштер елге енгізілген жоқ. Үш күннен кейін Мәскеу жетекшілік ететін әсері-саяси блок – Өріптестік қауіпсіздік туралы келісім ұйымына мүше-елдер қырғызстандық қауіпсіздік күштеріне материалды-техникалық көмек жасау туралы шешім қабылдады, оған елдегі жағдайдың өте шиеленісті болуы және одан да жаман қиындап кетуіне деген мүмкіндік болды.

Бұл қолдау оларға ең болмағанда жақын уақыт аралығында бейбітшілікті ұстап тұруға мүмкіндік беретін. Алайда бұл жағдай ұзақ уақытқа созылса, онда қырғыздар мен өзбектер арасында келіссөздер жүргізу керек болды.

Бұл процесс екі жақтың да жаңа көшбасшыларымен және жаңа құрылымдарымен жүруі керек еді. Жергілікті үкімет бұл міндетті атқара алмады, себебі кейбір топтар оларға мүлде сенбейді. Қарасу АІІБ бастығы мен оның жүргізушісінің өлімін еске алсақ юеткілікті, олар Нариман ауылына бейбіт келіссөздер жүргізу мақсатында қарусыз келген еді.

Есте жоқ ескі замандардан бері дау-жанжалдарды шешіп келе жатқан ақсақалдарға да сенуге болмайтын еді, себебі мұндай өте қиын жағдайда ара ағайындыққа басқа топтар жүруі қажет болды. Негізінен 17 мен 35 жас аралығындағы ҚОШ қаласының көшелерінде жүрген қарулы ер адамдар тобы ақсақалдарды тыңдай қойған жоқ.

«Біз ештеңе істей алмаймыз. Олар бізді тыңдамайды, олар үшін біздің беделіміз жоқ», – дейдң Ош қаласындағы Өзбек орталығының президенті Жалалидин Салахидинов.

Бірқатар сарапшылар мұндай бағынбаушылық Қырғызстанның көршілес мемлекеттерге қарағанда еркіндік пен демократияға көбірек қол жеткізгендігінің қосымша себебін білдіреді деп санайды. Жастар басқа жағдайда ер жетті, олар алыпқашпа сөзге



еріп, түрлі кеңестерге құлақ аса қоюы қиын.

Енді бір сарапшылардың пікірінше, ақсақалдардың топқа әсер ете алмағандығы, олардың қалыптасқан тарихи тәртіптен тыс қалған жастардан тұратындығынан дейді.

Осыған қарамастан осы күндері болған тәртіпсіз ортасында өз ортасында беделі бар, елді татуластыруға ниеті бар, батыл адамдарды – ел көшбасшыларын көрдім. Олардың көпшілігі еңбегі мен қойған мақсатына қол жеткізуде ештеңеден тайынбайтын табандылығы үшін қоғамда беделі бар, халықпен астамсымай тең дәрежеде сөйлесе алатын адамдар болды.

Олар өз мүмкіндіктерін өркениет бағасын сақтап қалу мен ұлттаралық қақтығыс кезінде елді ұстап тұру үшін пайдаланды. Осындай жандардың бірі орта жастардағы қырғыз, жігіт ағасы Адыл болды, оның шағын бизнесі бар, және 20 жыл бойы Ош қаласының өзбек махалласында тұрып келе жатыр. Оның ауданына қарулы адамдар келіп, өзбектердің үйлерін өртей бастаған кезде, ол шығып қол астында бар дүниесімен өртті өшіре бастаған.

Келген топтың алдына шығып Адыл жеке меншікке қолсұғылмайтынын, оның иесінің ұлтына қарамастан адал еңбекпен келгенін түсіндіре бастады. Топтың кейбірі тіпті Адылдың сөзіне құлақ қоя бастады.

«Біздің ортақ жерімізге көршілерім өмір сүріп, тұру үшін қайта оралғанда мен олардың бетіне қалай қараймын», – деді Адыл.

Екі күннен соң Адыл көрші әйелді қираған үйіне қайта оралуға көндірді. Ол

бес немересімен көрші көшедегі үйдің жертөлесінде тығылып жатқан-ды.

«Мен тонаушылар жасаған іс-әрекет үшін жауапкершілікті өз мойныма алдым, ал егер олар тағы келес, бассыздықты тоқтатуға көндіріп көремін», – деді Адыл. Осындай батылдықты Ош қаласының орта жастардағы тұрғыны әйел адам көрсетті, ол шағын компьютерлік орталықты қиратуға мүмкіндік бермеді. Орталық осы көшедегі қираған, өртенген дүкендер мен кафелердің ортасында аман қалды.

Үш күн бойы ол орталыққа шабуыл жасап, қиратпақ болған қарулы адамдармен ұзақ уақытты келіссөздер жүргізді. Онымен дауласқандар өздерінің кедей тұратынын, ал басқалардың жақсы өмір сүретіндіктерін айтып жатты.

Бұған қарамастан әйел оларды ниеттерін бас тартып, орталыққа тиіспеуге көндіре берді.

«Олар мені тыңдады, себебі олар менде өздерінің анасын көрген еді», – дейді ол.



Жалаабад қаласында қанды қақтығыстар Ошқа қарағанда кеш басталды, мұндай «халықтық бейбіт мақсаттағы күштер» басқа тәсілді қолданды. Мұндай басты рөлді «Жалалабадтың әйелкөшбасшылары» үкіметтік емес ассоциациясы ойнады.

«Біз бір топ жастың қалаға кіруін тоқтата алдық. Алдымен біз оларды тоқтатып, қалаға әскер келе жатқандығын, олардың барлығын атып тастайтындығын айттық», – дейді қатысушылардың бірі Нұргүл Жолоева.

Қала маңындағы ипподромда жастар жинала бастағанда белсенді-әйелдер солай қарай бет алды, онда олар көнеді-ау дегендермен сөйлесіп, ойлаған ойларынан бас тартуға үгіттеп жатты. Олардан әйелдер басқа жастардың ұялы телефондарының нөмірлерін алып, телефон арқылы келіссөздер жүргізуге тырысып жатты. «Сіз неге қарумен келе жатырсыз?», – деп сұрады әйелдердің бірі. «Себебі олар да [өзбектер] қарумен келе жатыр», – деп жауап қатты оған.

Ал одан осы өзбектерді көрген-көрмегені жайлы сұрағанда, ол естігенін айтты.

«Мен мұнда барлығының қасақана арандатып жатқандығын түсіндім, біз оларға дұрыс ақпарат беруге және бұлай жасауға болмайтынын айттық. Олар бізді тыңдады, себебі біз әйел едік және көңіл-күйімізді онша сезіндіре қоймадық», – дейді Жолоева.

Қазір жергілікті көшбасшылар дауласушы екі жақтың ашулы екендігін, әйткенмен келісімге келуге дайын екендіктерін айтады. Осылайша, келіссөздер жүргізуге болады және олар қажет.

Жалалабадтық тағы бір ҰЕҰ қызметкерінің сөзіне қарағанда олар «телефон

арқылы Таш-Бұлақпен [Созақ ауданындағы өзбек ауылы] келіссөздер жүргізіп жатыр. Ауылдың 97 пайызы қираған. Ол жерде халық жиналып, көтеріліске дайындалып жатыр».

Өзбектер мен қырғыздар арасындағы қарым-ақтынасты жақсартуға көмектесе

алатын тағы бір топ бұл аралас ұл өкілдерінен тұратын топ. Қырғыздар мен өзбектер арасындағы нен екі жақты тауластыру жолында үлкен көмек болуы мүмкін.

Бейбіт мақсаттағы күштердің көпшілігі өз көмектерін ұсынуда. Дау-жанжал тумас

үшін олардың іс-әрекеттерін үйлестіру қажет. Мұндай үйлестірушілік бағдарламалар ұлтаралық қарымқатынастың негізі бола алады және осы саладағы мемлекеттің саясаты ретінде қабылдана алады.

ТӘЖІКСТАН



Табиғи апаттан кейінгі Тәжікстан көмек сұрауда

Тұрғын орнын ауыстыруға мәжбүр болған тұрғындар көмектің тез жетпейтінін айтуда.

Билоли Шамс, Тәжікстанның оңтүстігіндегі IWPR тренингтерінен өткен журналист.

Тәжікстан үкіметі халықаралық қауымдастықтан ел оңтүстігінде болған су тасқындары мен көшкіндердің салдарынан болған қиындықтан құтылу үшін қаржылық көмек сұрап жатқанда, зардап шеккен тұрғындар көмектің тәртіпсіз және уақытында келмейтінін айтады.

Төтенше жағдайлар бойынша жылдам бағлау және үйлестіру тобы – біріккен үкіметтік агенттіктер мен халықаралық ұйымдар Куляб қаласындағы 7 мамыр

күні Тебалай өзенін арнасынан асырған, сел мен су тасқындарын тудырған нәсер жауын салдарынан қаза тапқан 16 адам туралы жариялады.

Жылдам баға мен үйлестіру тобының берген мәліметтері жағдай туралы 10 мамыр күнгі есебінде көрсетілді, онда Куляб мэрі әкімшілігінің өкілі Сухробшохи Фаррухшох берген ақпараттан айырмашылығы бар, ол қаза тапқан 13 адамныңтоп есебінде артық болуы.

Кулябтағы төтенше жағдай Орталығы 600 үйдің тұтастай қирағаны жайлы мәлімдеді. Басқа мәліметтерге қарағанда қираған үйлердің саны бұдан көп, мыңдаған адам лайдың астында қалған малдары мен астығын жоғалтқан.

Тәжікстандағы БҰҰ-ның тұрақты өкілі Си-роджиддин Аслов 14 мамыр күні елге көмек көрсету туралы ресми өтініш жіберді. Бұл ел үкіметі 5,3 миллион доллар көмек сұраған үндеуден екі күн өткен соң болды.

19 мамыр күні су тасқыны жөніндегі өзінің жаңа мәліметінде жылдам бағалау және үйлестіру тобы екі шатырлы қала туралы мәлімдеді, олар апаттан кейін апта бойында Куляб қаласының маңында орнады. Сонымен қатар олар алғашқы уақытта қажет заттардың таратылғандығы жайлы ақпарат таратты.

Алайда табиғи апат салдарынан зардап шеккен тұрғындар гуманитарлық көмектің кешігіп жетінін айтып шағымданды. Олар IWPR-ға көмектің дұрыс жолмен таратылуы қажет екендігін айтты.

Бозоргул Курбанованың бес баласының үшеуі (жеті және бес жастағы ер балалар мен жеті айлық сәби) сел кезінде қаза тапты.

«Енді бізде азық-түлік пен палаткаларды бөлуді қиындықтар туып жатыр. Ең көп зардап шеккен отбасыларда қазір шатыр да жоқ, тіпті әлі күнге кейбреулерге я ұн, я азық-түлік бермейді, тек екі-үш жастық пен көрпемен алдап қояды», – дейді ол.

Тәжікстанның осы бөлігіндегі көптеген отбасындағы адамдар саны 30-ға жетіп қығылып жатады. Алайд оларға он адамға арналған шатыр ғана берген.

«Шатыр береміз деп уәде берді. Біз күтіп отырмыз. Өзіңіз кнріп тұрғандай жаңбыр жауып тұр. Менің екі баламның қызуы көтеріліп жатыр, температураның түсетін түрі жоқ», – дейді ол.

Зардап шеккен облысты апаттан кейін бірден барып көрген журналист Раджаби Мирзо көмектің бөлінуі баяу жүріп жатқандығымен келіседі.

«Зардап шеккендердің тізімі дайын емес дейді. Бірақ адамдар мұнда кінәлі емес қой. Оларға қазір көмек керек», – дейді ол..

Үйі толық қираған 80 жастағы Халил Насруллоев әлі күнге көмек алмағанын айтады.

«Комиссия бір-ақ рет келді, бірақ екі көрпеден басқа ештеңе берген жоқ. Күнде көмек келеді, азық-түлік, ұн таратады, ал бізге ештеңе бермейді», – дейді ол.

Насруллоев оған келетін жолдың жөнделмегенін айтып түсіндіргенін айтады.

Мэр әкімшілігінің өкілі Сухробшохи Фаррухшох келген көмекті бөлуде қиындықтың болғанын, себебі жолдардың тозтозы шыққанын айтады. Алайда ол IWPR-ға: «С13 мамырдан бастап біз тұрақты түрде көмекті қадағалай бастадық, оны барлық зардап шеккендерге береміз, шатыр мен басқа да қажеттіліктердің орынды таратылғанын бақылаймыз», – деді.

Кейбір тұрғындар алдын-ала ескертілсе құрбандыққа бармай, қайғының алдын-алуға болатын еді дейді. Тұрғындардың бірі төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлік Куляб өкілдігінің өкілдері алғашқы болып селдің астында қалған көршілес Шурабад және Муминабад облыстарымен байланысып, қатердің шамасын анықтауы қажет еді дейді.

Хатлон облысындағы төтенше жағдайлар бойынша үкіметтік агенттіктің басшысы Абдусаттор Хушвахтов апаттың келе жатқаны жайлы алдын-ала айту мүмкін емес екендігін, себебі жергілікті бөлімшелердің штаты топтаспаған және құрылғылар жетпейді. Олардың Шурабад пен Муминабад бойынша бір-бірден ғана қызметкері бар, ал олардың апат туралы хабарлауға мүмкіндіктері болмаған.

«Төтенше оқиғалар бойынша ұлттық комитет әлі күнге қызметкерлер үшін телефон немесе рация алған жоқ. Бұл біздің Муминабад пен Шурабадтағы қызметкерлеріміздің Кулябтағы әріптестерімен байланысып жаңалықтар туралы айтуға мүмкіндік бермеген бірден-бір себеп» дейді Хушвахтов.

Енді біреулер қауіпті алдын-ала білуге болатыны, себебі Тебалай өзені көп жылдан бері тазаланбағанын, әсіресе Куляб арқылы өтетін тұсының аса былғанғанын айтады.

Өзін Садулло деп атаған егде еркек 1991 жылы Тәжікстан тәуелсіздік алғалы бері өзен арнасын бұған дейінгі селден қалған лай мен балшықтан тазарту үшін түк істелмегендігін айтады.

Мелиорация Министрлігінің ирригациялық жүйені қалпына келтіру орталығының директоры Рахматулло Каримов Куляб арқылы канал түрінде өтетін өзеннің өз уақытында тазаланбағанын мойындайды, ал оған себеп қаржының юетіспеушілігі дейді.

«Кеңес Одағы құлаған соң 19 жыл бойы ештеңе дерлік бөлінген жоқ. Егер осы уақыт аралығында ең болмағанда бір рет өзен арнасын тазартқанда, қала көшелері мұндай зардап шекпес еді. Тағы бірі – заманауи техниканың жоқтығы. Техника бар, бірақ өте аз, барлығы дерлік Кеңес кезінен қалған, жұмысқа жарамайды», – дейді ол.

Жеке құрылыс компаниясының басшысы Сафармад Валиев канао арнасының уақытында тазаланбағнымен келіседі. Алайда ол тазалау уақытында болған күннің өзінде апат тудырған қирату аумағы болмай қоймас еді дейді.

Қала арқылы өтетін Тебалай үлкен көлемдегі суды игере алмайды, арнаны кеңейту керек дейді ол.



Суретте: Кулябта болған су тасқынынан зардап шеккендерге арналып тігілген шатырлы қала («АП» қаласы)

Тәжікстандағы ұялы телефонды пайдалануға байланысты пікір қайшылықтары

Президент ұялы телефонды барлық жерде бірдей пайдалануға неге қарсы шықты?

Джахонгир Бобоев – Тәжікстандық журналистің лақап аты.

Кедейлік деңгейінің жоғарылығына қарамастан Тәжікстанда соңғы жылдары ұялы телефонды пайдаланушылардың саны күрт артты. Бәсекелестік нәтижесінде жергілікті провайдерлер қойған баға төмендеді, ал мобилді байланыс өзге байланыс түрлерінің кемшіліктерінің орнын толтырып отыр.

Осы себепті президент Эмомали Рахмонның сәуірдің аяғында мобилді телефондардың зиян екендігі және оны пайдалануды шектеу қажеттігі жайлы жасаған мәлімдемесі таңданыс туғызды.

30 сәуір күні министрлер кабинетінің отырысында президент денсаулық сақтау Министрлігіне қоғамды, әсіресе жастарды ұялы телефонның денсаулыққа қатер төндіретіндігі жайлы ақпарат тарату туралы нұсқау берді.

Бұдан бір апта бұрын президент ұялы телефонды пайдаланудың тағы бір кемшілігін айтқан болатын. Оның сөзіне қарағанда Тәжікстанда миллионнан астам мобилді телефон иелері бар, олар шамамен айына 50-600 сомониді (11-ден 135 АҚШ долларын дейін) сөйлескені үшін төлейді. Мұндай ақша жұмсау «әр тәжік отбасының материалдық базасын зиянын тигізеді» деді ол.

Президент сөзінен кейін мемлекеттік телеарнада бірқатар бағдарламалар пайда болды, олар ұялы телефонды шектен тыс пайдаланудың салдары туралы көрсетті.

Келесі қадамды Душанбе және басқа да қалалар биліктері жасады, олар мобилді компаниялардың жарнамасына шектеу қойды. Бірнеше күннің ішінде көптеген жарнама баннерлері орнынан алынды.

Бұл іс-әрекеттер тек мобилді және маркетингтік компанияларды ғана әбiгерге түсірген жоқ.

Экономист Ходжимухаммад Умаров биліктің тыйым салғанын «ойға сыймайды» және заңсыз деп бағалады. «Бұл нарықтық экономика заңдылықтарына сай келмейді, бұлай оның негізгі ұстанымы – еркін бәсекелестік ұстанымы бұзылуда», – деді ол.

«Ұялы компаниялар жарнамасына тыйым салыну бізді таң қалдырды. Бұл шешім барлық халықаралық нормалар мен нарықтық экономика ұстанымдарына қайшы келеді», – дейді Тәжікстандағы Азия Даму Банкінің тұрақты өкілдігінің экономисті Каххор Аминов.

Коммунистік партия жетекшісі және парламент мүшесі Шоди Шабдолов президенттің тыйым салмағанын, тек ұялы телефонды шектеп қана пайдалану керек екендігін айтқанын жеткізді.

«Егер компания өз жарнамасын заңды түрде жүргізіп отырса, оған ешкім тыйым сала алмайды және шектей де алмайды», – деді ол.

Тәжікстанның мобилді телефондарының либералды нарығында алты провайдер бар, олардың көпшілігі шетелдік инвестицияның қолдауымен құрылған. Екі компанияның акциясының негізгі бөлігі ресейлік мобилді компанияларда, ал Қытай бір компанияның бақылау пакеті бар.



Бәсекелестік бағаның түсуіне әкелді және техникалық прогреске алып келді, Тәжікстан Орталық Азия елдерінің арасында алғашқы болып 3G форматын енгізді.

Егер жарнамаға ресми түрде тыйым салатын болса, онда маркетингтік компаниялар да, мобилді компаниялар да үлкен соққы алады.

«Бұл компаниялардың біздің басылымда алатын үлесі үлкен. Және біз одан бас тарта алмаймыз. Кем дегенде оны жарияламау туралы сот шешімі шықпағанға дейін», – дейді «Азия плюс» апталығының редакторы Марат Мамадшоев.

Биліктің ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салуға тырысуы бір бұлт емес. 2008 жылы президент Рахмонның ұсынысымен парламент мектеп оқушылары мен студенттерге сабақ барысында ұялы телефонды пайдалануға тыйым салатын ереже қабылдаған болатын.

Оппозициялық саясаткер және құқықтанушы Шокирджон Хакимов биліктің қоғамды еркін байланыс жолдарынан шектеуге бағытталған жасырын жоспары бар күдіктенеді.

«Биліктің осы саланың [мобилді байланыс] дамуынан сескенетіні жасырын емес. Қырғызстанда болған оқиғаларды [2010 жылдың сәуіріндегі көтерілістер] немесе Иранды [2009 жылғы қарсылықтар] еске алсақ жеткілікті, ондағы оқиғалар жайлы әлем ұялы телефонның арқасында біліп отырды», – дейді ол.

Басқа сұралғандарға келетін болсақ, олар мұндай қадамдардың жеке өмірге қол сұғушылық екендігін айтады. Бұл үйлену тойлары мен жерлеу рәсімдеріне шектен тыс шығын шығаруға қойылған тыйым мен мұғалімдерге алтын тіс қойдыруға салынған тыйым секілді шара деп санайды олар.

«Өкінішке орай, соңғы жылдар келесі тенденцияны көрсетуде: президент қандай да бір мәселеге болмасын сын айтса, парламент немесе сәйкес ведомство бірден заңға өзгеріс енгізу немесе басқа да құқықтық актілер арқылы ел Конституциясы кепілдік беретін азаматтардың еркіндігі мен құқығын шектеуге тырысады. Тәжікстанда «шаш ал десең, бас алатын» жағдай тұр қазір. Мұнда да солай, президент ұялы телефондарды тиімді түрде пайдалану туралы айтып еді, билік бірден тыйым салып тастады», – дейді ел солтүстігіндегі Худжанд қаласының құқыққорғаушысы Файзиниссо Вохидова.



ТҮРКІМЕНСТАН



Түркіменстан: Жергілікті билік құзыры оңтайландырылды

Өз бетінше жұмыс істеу үшін жергілікті шенеуніктерге батылдық таныту қажет.

Мамыр айының аяғында бұқаралық ақпарат құралдарында Түркіменстанның жаңа «Жергілікті атқарушы билік туралы» заңы жарық көрді, ол жер-жерлердегі жетекшілердің құзырын кеңейтті.

Енді президент тағайындап, орнынан алатынвеляят, этрап және қала хакімдері [басшылары] «министрлер кабинетінің қарауына әлеуметтік-экономикалық даму және жергілікті территория бюджеті бойынша бағдарламалар құрап, ұсына алады және оларды талқылауға қатыса алады».

Бұған дейін мұндай бағдарламалар тек биліктің орталық органдарымен жасалып, орындау үшін жіберілетін.

Сонымен қатар, жергілікті билік вертикалы хәкімдердің бақылау қызметін оңтайландыру арқылы әлсіреді, бұрын олар жергілікті депутаттар арасынан сайланған қалалық және ауылдық басқарма бастықтары – арчіндерді өздеріне бағындыратын. Жаңа заңның 17 бабына сәйкес хәкімдердің жергілікті билік органдары өкілдерінің құзырына араласуына «жол берілмейді».

Мемлекеттік басқарманы реформалауды президент Гурбангулы Бердымухаммедов 2007 жылдың күзінде бастап кетті, ол конституциялық органнан жоғарғы тұрған, бұрынғы президент құрған орган – Халк Маслахатын таратты, бұл барлық билік тармақтарын теңдеп, нарықтық реформалар, сараптама және стратегиялық жоспарлау үшін қажет болды. Түркімен басшысы

мемлекеттік қызметтің беделі жайлы алаңдап, шенеуніктердің кәсіби біліктігін жақсартуға шақырды, ол үшін арнайы Академия құрылды.

Алайда сынаушылар Бердымухаммедовты реформаның айтарлықтай нәтиже бермегенімен және жаңа заңның қабылдануы жағдайда жақсартпа қоймайды деген пікірімен тықсыруда.

Олар, біріншіден, басқарудың әкімшілік-командалық стилінің қала бергендігін, шенеуніктердің шешім қабылдарда өз бетінше әрекетке бара алмайтынын және ыарлық құрылымдардың іс жүзінде бәрібір президентке тәуелді болып қала беретіндігін айтады.

Екіншіден, олар сапасы төмен дайындықтағы басқарушылармен кадр ротациясының жиі жүргізілуінің байланысын алға тартады.

«Басқару кадрлерінің көпшілігі қатаң ортаазиялық басқару жүйесіне үйреніп қалған, олар жоғарыдан келген бұйрықты орындайды, оларға жаңа әдістер мен формаға үйрену қиынға соғады», – дейді түркімен билігінде үлкен жұмыс тәжірибесі бар News Briefing Central Asia эконмикалық сарапшысы..

NBCA сарапшылары «Нейтральный Туркменистан» газетінде 2010 жылдың қаңтарында жарияланған президенттің кадрлық ауысымдар жайлы нұсқауларын талдап, олардың он бесінің хәкімдер мен олардың орынбасарларын «жұмыс барысында жіберген кемшіліктері үшін» орнынан алу туралы екенін анықтады.

Ел солтүстігіндегі шолушының сөзіне қарағанда бұл басқару құрылымдарына қызметкер алғандағы кеткен кемшіліктермен байланысты, яғни мұндай жағдай ең әуелі жұмсақтық пен жағымпаздық есепке алынады.

«Бұл ататегінің тазалығына, сенімділігіне арналған бақылаудан өткен адамдар. Ниязов кезінде [2006 жылы қайтыс болған түркіменстандық бұрынғы президент] кез келген кандидат жеті атасына дейін мәлімет берулері қажет еді. Бердымухаммедов тұсында да бұл үрдіс сақталды, бірақ енді олар үш атасын дейін ғана мәлімет берулері қажет. Сонымен қатар жақын туыстары жайындағы барлық ақпарат та қажет», – дейді шенеуніктерді таңдау ережесімен таныс адам NBCA-ға

Текті, таза қанды шенеунік – арғы-бергі туысында сотталғандар, тәуелсіз журналистер, оппозиционерлер және билік жүргізіп отырған саясатқа қарсы ойын ашық айтқан адамдары жоқ шенеунік деп түсіндіреді ол.

Түркіменстандағы жасанды энтузиазм

Қоғамдық-саяси шараларға қатысып, үкіметтік шенеуніктерге қол соғуға мәжбүр болып отырған түркімен азаматтарының айқай-қошеметінің астарында көңіл толмаушылық жатыр.

IWPR штаты – Орталық Азия

Түркімен азаматтарының сөзіне қарағанда олар биліктің басқарушы режимге деген берілгендігі мен сенімділігін көрсетуге мәжбүрлеуінен әбден шаршаған.

Ұлттық мерекелер кезінде, шетелдік жоғары мәртебелі қонақтар келгенде немесе ел бойынша президент Гурбангулы Бердымухаммедов жұмыстық іс-сапармен жүрген кезде

Мұндай адам басқару жүйесінде орын алған кезде ол қандай да бір бастамамен алға шығу ды тіпті қаперіне де алмайды.

«Жергілікті атқарушы билік өкіледірінің ешбір ынтасы жоқ. Тіпті бір идеялар пайда болған күннің өзінде, олар оны айтудан қорқады. Себебі осылайша орынан айрылып қалулары мүмкін», – дейді біздің әңгімешіміз.

Алайда аудан хәкімі бірнеше ай бұрын өз аймағының жамуы үшін жоба жасағаны, онда жұмыссыздық мәселесін шешу жолдары, халықты таза сумен қамтамасыздандыру, канализациялар салу көрсетілгені жайындағы жағдай белгілі.

«Көп уақытқа дейін жауап болмады. Ал мен көпкүндік жұмысымның тағдыры жайлы сұрағанымда, маған «тыныш отыр, елден ерекше ақылдымын деп санайсың ба өзіңді? Сендердің этраптарының мәселелерін қашан шешуді өзіміз білеміз» деп жауап қатты», – дейді ол есіне алып NBCA-мен болған әңгімесінде.

Осы мақала үшін сұрау жүргізген тәуеліз журналист жергілікті шенеуніктердің өз беттерінше бастамалар көтеріп, жауапкершілікті мойындарына алуға, тіпті заң мүмкіндік беріп тұрған күннің өзінде дайын емес екендігін айтады.

«Олар келесі ұстаным бойынша жұмыс істейді: жоғарыдан келген кез келген нұсқауға жағымды жауап болуы қажет, ал өзі жеке ештеңе де жасамауы керек», – дейді ол.

Ел солтүстігіндегі Дашогуздағы медиашолушы орталықтан-дырмауға деген әлсіз әрекеттер биліктің қатаң вертикалімен және шынайы либералдандыруды жақтырмаумен соқтығысып, жойылады дейді.

Мысалы, «Генгеш туралы» Заңға сәйкес жергілікті халық сайлаған депутаттар арасынан шыққан қалалық және ауылдық басқарма бастықтары биліктің атқарушы тармағының облыстық жетекшілеріне және президентке бағынады.

«Жергілікті билік – жоғары тұрған билік органының айтқанымен жүретін орындаушы, ал бағыттан сәл ауытқыған жауапқа тартылады. Кейде жазалау ел алдында жүреді, кінәліні теледидардан көрсетеді, оны Министрлер кабинеті немесе Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтіп жатқан елдің көзінше залдан қуады», – дейді шолушы.

«еркімен жиналушыларды» топ жинау үшін бір жерге қуып тығады.

Бұл әдіс сонымен қатар көше жинау немесе ағаш отырғызу, тіпті мақта өсіру секілді қоғамдық жұмыстарды істеген кезде де қолданылады. Мақта жинау кезінде елді алқаптарға күштеп жібереді.

Мысал ретінде Бердымухаммедовтың ел солтүстігіндегі Дашогуз облысына мамыр айының ортасында келген сапарын келтірсе болады.

Жергілікті тұрғындарға бірнеше мың адамнан тұратын қошеметші топ жасақтауға нұсқау берілген. Сағат таңғы 9-даңы президент ұшағы қонар кезде бәрі дайын болу үшін, адамдар елең-алаңда тұрып келген.

«Балалар мен басқа да қарсы алушылар таңғы 4-те оны жолда күтіп тұрды. Біздің адами және денсаулық күшіміз, кеткен уақытымыз ақталмады», – дейді осы шара үшін түні бойы оқушы жинаумен әбігерге түскен жергілікті мектеп мұғалімі.

Алайда, бұл жазда болған оқиға, ал бірде ақпан айында, 20 градустық аязда адамдар жаңа фабриканың ашылу салтанатына келе жатқан Бердымухаммедовты күтіп тұрды.

Бұдан бөлек елде адамдар қатысуға мәжбүр бірқатар мемлекеттік мерекелер бар. Мысалы, Су және өнім күні, Түркімен қауыны күні, Түркімен кілемі күні және басқалар.

«Күн сайын бірдеңе ойлап табады. Бірде денсаулық Соқпағына жаппай шығу үшін спорттық киімде келу керекпіз. Енді бірде президенттің қатысуымен өтетін қандай бір обьектінің ашылуы үшін ұлттық киімде «тірі коридор» жасау үшін келуіміз қажет», – дейді Ашгабадтағы тіл оқыту ЖОО-ның студенті.

Осы қоғамдық шаралар нәтижесінде студенттердің сабақ оқуға уақыты аз қалады дейді студент.

Мұндай шараларға қатысудан бас тарту ойға қонбайтын нәрсе, бұл әсіресе бюджет қызметкерлеріне қатысты. Олар жаңа жұмыс орнын табудың қиындығына байланысты өз орнынан айрылып қалудан қорқады. Қатысуға қарсы шыққан адамның



«Көкжиекте үкіметтік көлік пайда болған кезде, қатып қалған адамдар президентті қуанышты қошеметтен гөрі ұрыспен, анайы сөзбен қарсы алуға дайын тұрған еді», – дейді осы «салтанатты» шараға қатысушы мемлекеттік қызметкер.

2007 жылы Бердымухаммедов Сапармұрат Ниязов өлімінен кейін билікке келген соң, бірқатар ерформаларды бастады. Ол кейбір білім және денсаулық сақтау секілді салалардағы кейбір заңдардың күшін жойды, алайда жаңа ел басы либералды саясат пен әлеуметтік климат құру жолында аз дүние тындырды.

Билік құрып отырған режимге деген қолдауды көрсету үшін жасанды түрде ұйымдастырылатын шерулер Ниязовтың кезінен қалған. Мұнда идеологиялық астардан бөлек экономикалық астар да жатыр. Қоғамдық еңбекті пайдалану мемлекетке біраз қаражатты үнемлеуге мүмкіндік береді, себебі керісінше жағдайда билік осы жұмысты істегендерге жалақы беруге мәжбүр болар еді.

жағдайы қиындап кетеді, себебі арнайы қызмет адамдары оны тергеуге шақырып, «қара тізімге алып қоюлары мүмкін. Бұл оған елден шығарда немесе жұмыс іздегенде қиындықтар туырады..

Сондықтан елдің көнуден басқа амалы жоқ. Мемлекеттік және медициналық мекемелер, университеттер мен кітапхана жетекшілерінің айтуынша олар жиі-жиі сабақты немесе жұмыс күнін тоқтатып қызметкерлерді шара өтіп жатқан жерге жібереді, ал ол шараның мекеме жұмысына түк қатысы болауы да мүмкін..

Ашгабадтық кітапханашы күштеп жасалынатын осы шаралар мен тегін қоғамдық жұмыстар жеке және жұмыс уақытына зардабын тигізуде. Жақында ол әріптестерімен бірге кітапхананы жауып, ағаш отырғызуға кетуге мәшбүр болған..

Бюджеттік саланы басқа қызметкерлері мәжбүрлеп жиналатын ақша салықтарына байланысты көңіл толмаушылықтарын

білдіреді. Ол ақша мәселен өзереі отырғызатын ағаш көшеттері үшін жиналуы мүмкін.

«Салықтар мен түрлі шаралардың соңы көрінбейді. Қашанғы шыдаймыз», – дейді педагогикалық институт оқытушысы.

Болгариялық Түркімен адам құқықтары бойынша Хельсинки қорының басшысы Таджигуль Бегмедованың сөзіне қарағанда

билікті тоқтатып, ойландыратын жалғыз жол – адамдардың жаппай бас тартуы немесе заңмен күштеу шараларынан қорғануға тырысып көру. Алайда бұл жолдардың оңай болма-сы анық.

(Кейбір сұралған адамдардың аты-жөні қауіпсіздік мақсатында көрсетілген жоқ)

ӨЗБЕКСТАН



Өзбекстан: ЕҚЫҰ-ға төраға мемлекет құқыққорғаушылардың сөзіне құлақ аса ма?

Құқыққорғаушылар Қазақстан билігін босқындарға назар аударып, олардың баспана беру туралы өтінішіне құқықтық және гуманитарлық тұрғыдан қарауға шақырады.

21 маусым күні қазақ құқыққорғау органдарымен баспана сұраған өзбекстандық тағы сұраушының ұсталғаны мәлім болды. Кашкадария тумасы, БҰҰ берген баспана іздеп жүргендігі жайлы тұлға сертификаты бар жас жігіт күштік құрылым өкілдерінің ұсыныс бойынша Алматы қаласының миграциялық қызметіне жіберілді. Ол жерде оны тұтқындап, қалалық ішкі істер Департаментінің тергеу изоляторына жеткізді.

Бұған дейін Қазақстанның Бас прокуратурасы баспана сұраған жиырма тоғыз шет елдік азаматтың тұтқынға алынғаны

жайлыақпарат таратқан болатын. Бұл адамдарды лаңкестік, экстремизм және басқа да қылмыстармен айыптап өзбек билігінің іздеп жүргендігі хабарланды.

«Ішкі істер органы мен ұлттық қауіпсіздік органдарының 9 маусымнан 11 маусымға дейін бірігіп жүргізген жылдам-іздеу шараларының нәтижесінде негізгі бөлігі Өзбекстан азамттары болып келетін жиырма тоғыз адам тұтқынға алынды. Олардың бәрінің Өзбекстан аумағында ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін мемлекетаралық іздеуде жүргендігі белгілі болды», – делінген

прокуратура таратқан баспасөз баянында. <http://www.procuror.kz/rus/novosti2/?cid=0&rid=1523>

Сот ұсталған шетелдіктерге экстрадациялық тұтқындау жүргізу туралы шешім шығарды. Барлық жиырма тоғыз қашқын осы мақаланың жазылау барысында Алматы полициясының тергеу изоляторында олардың экстрадациясы жайлы шешім қабылдауы тиіс басқа соттың шешімін күтіп отыр.

News Briefing Central Asia-мен болған әңгімесінде Қазақстанға көмек сұрап келген және қазақ территориясында үшінші елдердің гуманитарлық статусы берілетіндігіне үміт еткен өзбекстандықтар қаталдықпен кезіккенін айтады.

Өндіжандық босқын Әлішердің айтуынша өзбекстандық босқындардың үйіне баса-көктеп кірген жай киімдегі адамдар оларға «малға қарағандай қараған».

«Таңертеңмен есікті бұзды, бір үйге жиырма адамнан басып кірді. Әйелдер мен балаларды қорқытты, үйдің астанкестенін шығарды. Мұнда лаңкестер болуы мүмкін деп жатты. Еркектерді күштеп далаға алып шығарып, көлікпен алып кетті», – дейді ол.

Алматыдағы босқындарды қолдау бастамашыл тобының өкілінің сөзіне қарағанда ұсталғандар өздерінің экстремистерге қатысы жоқтығын айтып, бұл айыптауды негізсіз деп санайды.



Құқықорғаушылар баспана сұраушыларды Ташкентке қайтарса, онда оларды түрме мен азаптау күтіп тұр деп санайды.

Халықаралық деңгейде азаптаудың өзбек тергеу жүйесінде және тұтқындау орындарында кең тарағанын көрсететін бірқатар дәлелдердің бар екені белгілі. Мәліметтер БҰҰ-ның азаптауға қарсы Комитетінің баяндамалары мен осы жылдың наурызында өзбекстандық құқықорғаушылар ұсынған осыған балам есептерде көрсетілген.

Бақылаушылар, алайда бұл факторларды шенеуніктердің ескере бермейтіндігін айтады.

«Өзбек босқыны азаптау туралы айтып қалып еді, миграция бойынша Комитет қызметкері оған шын мәнінде азапталғаны туралы және кім азаптағаны көрсетілген анықтама әкелуді айтты. Бұл босқындардың қылмыскер екендігі, олардың Қазақстанға не қажеті бар екендігі жайлы сөздер жиі айтылады», – дейді Қазақстандағы адам құқытары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық Бюро қызметкері Денис Дживаго.

Францияда орналасқан «Орталық азиядағы адам құқығы» ассоциациясының жетекшісі Надежда Атаева қазақстандық миграциялық қызмет қызметкерлеріне босқындардың тағдырына адамшылықпен қарау керек дейді. Өзбекстандық босқындар қазақстандық күштік құрылымдардың қолдарына жиі түседі.

«Миграциялық қызметте [Қазақстанның] адамдардың өз елін тастап шығу себепін түсінгілері келмейтін секілді», – деп көңілі толмайтындығын білдірді құқықорғаушы.

Олар [шенеуніктер] елдің халықаралық міндеттемелерді қадағалауы, жекелеп алғанда Қазақстан қатарына қосылған БҰҰ-ның босқындар туралы конвенциясы адам құқығы саласындағы міндетті элементтердің бірі екенін түсінулері қажет.

Осы мақала үшін сұралған басқа құқықорғаушылар қазақстандық шенеуніктердің баспана беру туралы өтінішті объективті түрде қарастыруға әлі де болса дайын емес екенін айтады. Оған нақты себептер бар. Мысалы босқынның статусын белгілеу процедурасы қалай анықталуы тиіс қызметкерлер осыны түсінбейді.

«Оларды [өзбекстандық баспана сұраушыларды] экстрадициялауы әбден мүмкін. Мысалы, Қазақстан Еуропалық конвенцияның мүшесі емес, ол жерде ме-

ханизм өзбекстандық босқындарды отандарында азаптаудың орын алғандығына байланысты қайтарып жіберуге тыйым салады», – дейді мәскеулік «Баспанаға деген құқық» – Орталық Азиядан шыққан босқындарға құқықтық қолдау» бағдарламасының жетекшісі Елена Рябинина.

Алайда Қазақстандағы халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Бюро қызметкері Виктория Тюленева бұған қарсы пікір айтуда.

«Елдің конвенцияға мүше болмағаны оның басқа да босқындарды қайтармау туралы халықаралық міндеттемелерді мойнына алмауы дегенді білдірмейді. Біз босқындардың елден қуылмауына бар күшімізді саламыз», – дейді құқықорғаушы.



Өзбекстан құқықорғаушылары спорт журналистін босату үшін күресуде

Кампанияны ұйымдастырушылар айыпталған журналистің танымалдылығы билікке оның ісін қайта қаратуға деген қысымды күшейтеді деп үміттенеді

IWPR штаты – Орталық Азия

Танымал футбол комментаторының ислам экстремизмімен айыпталуы өзбекстандық құқықорғаушыларының ашу-ызасын тудырып отыр, олар журналисті босату үшін барлық күш-жігерін саламыз деп үде берді.

Спорт журналисті және телевизиялық комментатор, 35 жастағы Хайрулло Хамидов 27 мамыр күні басқа да 19 адаммен бірге өздерін «Жиходчилар» («Жиһадшылар») деп атайтын радикалды топқа мүше деген айыппен алты жылға бас бостандығынан

айрылды.

Қаңтарда тұтқындалған Хамидов Қылмыстық кодекстің екі бабы бойынша айыпталды, ол экстремистік топқа мүше болу және қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін әдебиет дайындау.

Хамидов бұл айыптауларды мойындамай отыр. Оның қорғаушылары тергеу сүйеніп отырған дәлелдер негізсіз дейді.



Құқыққорғау органдарының мәліметтері бойынша қаңтар айында Хамидовтың үйіне жүргізілген тінту кезінде олар екі атақты рухани тұлғаларды аудиожазбаларын тапқан. Олар – елдің шығысындағы Әндіжан қаласынан шыққан, 1990 жылдардың басында жоғалып кеткен сыйлы имам Абдували Мирзаев пен Өзбекстанның астанасы Ташкенттен шыққан, биліктің қысымынан қашып кеткен Обидхона-кори Назаров. Екеуінің де айтқан сөздері Өзбекстанда бірнеше жыл бойы кеңінен таралды, ашық сауда да, жасырын да саудаға түсіп жатты.

«Айыптау тек осыған сүйенді», – дейді апелляциялық шағым түсірмек болып ниет танытып отырған қорғаушы.

Құқыққорғаушылардың сөзіне қарағанда билік журналистің кінәсін дәлелдей алмаған, бірақ бәрібір кінәлі деп тауып, шешім шығарған.

Сот процестеріне мониторинг жүргізетін үкіметтік емес ұйым Өзбекстанның тәуелсіз құқыққорғаушылары Бастамашыл тобының жетекшісі Сураат Икрамов сотта заң бұзушылықтар болғандығын және Хамидов пен оның жанындағылардың «Жиходчилар» деп аталатын топқа мүше болғандығын дәлелдейтін дәлелдердің жетіспегендігін айтады.

Көптеген адамдар, Хамидов өзінің жұмысының екінші бағыты үшін зардап шекті деп санайды. Ол журналист ретінде діни және этникалық тақырыптарға да жазатын. «Interfootball» және «Champion» спорттық басылымдармен қатар, телевизияда коментатор болып істейтін Хамидов «Навруз» жекеменшік радиостансасында шығатын «По пути к просвещению» бағдарламасының авторы әрі жүргізушісі еді. Бұл хабар өте танымал болды, ол тіпті CD-ге жазылып Өзбекстан мен көршілес Тәжікстанда айналымға түскен болатын.

Достары мен әріптестерінің сөзіне қарағанда Хамидов өз бағдарламаларында елді Өзбекстанда тараған сүннеттік исламның дәстүрін сақтауға шақырып, экстремистік және фундаменталистік ағымдардан сақтануға кеңес беретін.

«Хамидов Өзбекстан билігінің көзқарасмен бірқатарда болса да, тұтқынға алынғанға дейін оны екі рет Ұлттық Қауіпсіздік Қызметі (ҰҚК) шақырып, ескерткен. Олар оны түрмеге отырғызғысы

келді, себебі ол билікке жақпайтын діни-ағартушылық әңгімелер айтатын» дейді Икрамов.

Журналистік қудалауға себеп болған тағы бір фактор оның Интернетте жарияланған, өзбек халқының болашағына алаңдаушылық білдірген өлеңдері болуы мүмкін деген де пікір бар.

«Өзбектерге не болды?» деген өлеңдерінің бірінде ол елдің көптеген тұрғындары басынан өткерген еңбек миграциясы, жезөкшелік пен қылмыстың өсуі секілді мәселелерді көтерген.

Өзбекстан үшін диссиденттерді тұтқынға алу әдеттегі жағдай болса, Хамидов ісі үлкен дүрбелең туғызды, себебі ол халық арасында танымал еді.

Ташкенттегі әлеуметтік және саяси тенденцияларға мониторинг жүргізетін тәуелсіз ұйым Сынақ жұмыс тобының өкілі Дилорам Исхакова сотталған журналисті жақтап шыққандардың қарасының көбейетінін айтады, бірақ бұл процесс Интернет арқылы жүреді, себебі көшеде тұтқынға алыну қаупі бар деп санайды.

«Барлығы әділеттілікті талап етеді, Хайрулланы қорғауды сұрайды, себебі оған тағылып отырған айыптың миға қонбайтынын бәрі біледі. Мұндайды тоқтату керек, әйтпесе, бұл іс бәріміздің басымыздан өтуі мүмкін», – деді ол.

Мұндай кампания тиімді болуы мүмкін дейді журналистер Умида Ахметованың ісін еске алып. Танымал фотограф Умида Ахмедова ауылдық жерде түсірген суреті үшін өзбек халқын қорлады деген айыппен сотталып, бірақ кешірімнің арқасында бостандыққа шыққан болатын. Біраз жұрт бұл қадамнан биліктің халықтан сескенгенін көреді, себебі жұрт Умиданы жақтап шыққан-ды.

«Кампания... белгілі бір мақсатқа жетті, бірақ біз ойлағандай болмады», – дейді жергілікті журналист.

Екінші бір журналист Хамидовтың ісін Өзбекстандағы әділетсіз сот пен қысым көрсетуге қоғамның назарын аудару үшін пайдалануға болар еді дейді.

«Адамдар оның беделін білген соң қарсылық білдіруі мүмкін, олар бұрынғыдай үндемей қалмас», – дейді ол.

Тағы бір журналист Хамидовқа тағылған айып жағдайдың қиындап бара жатқанының тағы бір дәлелі екенін айтады.

Құқыққорғау ұйымдары Өзбекстан түрмелерінде кем дегенде он журналистің отырғанын көрсетеді, олардың қатарында Дильмурада Саидова, Салиджона Абдрахманова, Джамшида Каримова, Мухаммада Бекжана, Рашида Бекжана, Гайрата Мехлибаева және Мамадали Махмудова бар.

АҚШ-ның Фридом Хаус ұйымы сәуір айында жариялаған түрлі елдердегі БАҚ бостандығы жағдайы бойынша жыл сайынғы рейтингте Өзбекстан барлығы 193 орыннан 189-шы орынды Түркіменстанмен және

Institute for war & peace reporting

48 Gray's Inn Road
London, WC1X 8LT, UK
Tel: (44 20) 7831 1030
Fax: (44 20) 7831 1050
Web: www.iwpr.net
E-mail: info@iwpr.net



Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қырғыз Республикасы,
Бішкек қ., 720017
Тоголок Молдо к-сі, 18-2
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70
Факс: + 996 312 61 38 70
E-mail: iwpr.kyrgyz@iwpr.net



Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., 050000
Қазыбек би к-сі 50
2 қабат, 84 кеңсе
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90
E-mail: iwpr.kazakhstan@iwpr.net



Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Тәжікстан Республикасы
Душанбе қ., 734003
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат
Тел.: + 992 372 24 70 26
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51
E-mail: iwpr.tajikistan@iwpr.net

IWPR осы жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, жарияланымның Еуро Одақ мемлекеттерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.